



ISSN 1728-7847

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Психология» сериясы
Серия «Психология»
№1(34)



Алматы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Психология» сериясы
Серия «Психология»
№1(34)

Алматы, 2013

ХАБАРШЫ. «Психология» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2013. – №1 (34). –172 б.

ВЕСТНИК. Серия «Психология». – Алматы: Издательство «Ұлағат» КазНПУ им. Абая, 2013. – №1 (34). – 172 с.

Главный редактор
д.психол.н., академик, проф. Ж.И. НАМАЗБАЕВА

Редакционная коллегия:
к.психол.н., доцент З.Ш. Каракулова
(ответ. секретарь),
доктор PhD, гонорар-проф. Н.А. Михайлова,
доктор PhD Н.Л.Нагибина
д.психол.н. проф. А.Р. Ерментаева,
к.психол.н., доцент Ж.К. Ибраимова,

THE EXPERIMENTAL STUDY OF MENTAL HEALTH OF STUDYING YOUTH

Ж.И. Намазбаева –

академик, д.психол.н., директор НИИ Психологии КазНПУ им. Абая

The globalization process, the cultural integration and the information technologies the fast pace of development indicates the priorities of modern education. In this context the problem of mental health of modern students will take on such special significance. Therefore, the implementation of health preserving and acmeologically oriented environment in educational process is of particular importance and relevance. It means improving conditions and maintaining the health of students in the educational process, which contributes to realization of intellectual and creative potential in personality development.

Controllability of this process in many aspects depends on the readiness of psychodiagnostic instruments for the assessment of studies from the standpoint of health preserving.

There are some socio-psychological aspects. The first is a theoretical problem of an integrated approach to personality that assumes certain criteria for defining a students' mental health. The second is practical terms, on the basis of theoretical and methodological data for the creation of health-technology subjects of the educational process.

So solving the problems stated above can be accomplished through an organization of psychological support in teaching and learning process. In this context, the important role of psychological science and practice is obvious. In Kazakhstan at Kazakh National Pedagogical University named after Abai country's first Scientific research institute of Psychology

Psychology opened in 2009. One of the research directions of the Institute is to conduct experiments on the development of students' mental health.


The analysis of modern problems of psychological health in Kazakhstan allows to point out the main tendency, gradually rising the number of people who become involved in harmful use of narcotic substances, alcoholic beverages and tobacco products can have a serious impact on mental health and decrease their ability to contribute to society.

We can first of all define the interaction of social, environmental, and genetic factors throughout the lifespan. First is dependence students' behavior on the degree of the negative impact of the social environment and second is a lack of opportunities for access to and coverage for treatment and prevention services.

Theoretical and methodological basis of this experimental study is a comprehensive approach to a theory of personality development that combines different components and levels of the personality system in providing psychological support for participants of the educational process.

Based on this representation, we have developed a three-block theoretical model of personality development (Fig. 1). The general structure of models allows for an

identification of the most important criteria of psychological health and investigation their interrelationship. The model also opens wide prospects to work out and introduce in practice of modern teaching and learning process programs of social and personality training that improves health preserving and acmeologically-oriented environment.



There are the personal block, educational and professional block, social and psychological block in the model (see Fig. 1). Research workers of Institute of Psychology have experimentally demonstrated practical significance of content components of this theoretical model. The results of the experiment are being actively implemented in the educational process.

The object of our study is the personality development in health preserving and acmeologically-oriented environment. Our experimental study aims at defining characteristics about of students' mental health and at working out technologies of psychological support.

We believe that the educational success is determined by accomplishing the system of psychological support services aimed at promoting mental health and social well-being among students.

According to our theoretical model and experimental data we have proposed and introduced in practice methods, content and conditions for implementation of health preserving and acmeologically-oriented environment.

Based on an integrated approach to personality development we have worked the program of social and personality trainings. We have integrated three main components of our theoretical model of personality development in the training program.

The sample group consisted of 400 people. There are students and staff of schools, professional lyceum and Industrial College in Almaty and students and staff of Karagany Children and Youth association in sample group.

In the experiment, we have considered the following items and criteria for the development of the psychological health (Fig. 1).

An important theoretical aspect of our study is the consideration of the relationship model's components. We examined typological features of participants such as temperament, types of performance and resistance to stress to identify indicators of individual rhythm of activity and the recommended types of learning activities, as well as work and study motivation, values, and creativity.

We used the following methods:

Modified Ilyin's Tapping test, coping strategies test, 30 proverbs test, Lutoshkina's color test, technique business roles, modified Semantic differential test, projective techniques and Spearman's rank correlation.

We now turn to the analysis of the data. As is known, the temperament determines the effect on the activity of different mental states, levels of mental stress caused by the physical environment, the emotion factors in labor and learning. Persons with of opposite temperament feature resortes to the same employment situation and the different tactics. [6, p.124] In this research project, temperament properties were studied with regard to their effect on stress, social adaptation and the development of individual style in the implementation of educational tasks.

Individual rhythm, the distribution of forces in tasks. Internal factors of efficiency are the rate of responses, decisions and actions of person, the status of various organs and systems, the emotional state and the degree of fatigue. The balance of forces in the quest psychophysiology associated with the dynamic features of stereotype. "... the physiological functions of the human body can be seen as a complex system of reflexes. At the heart of ... periodically is primarily a mechanism of conditioned reflexes on the effect of environmental factors." [2, p. 18].

Temperament properties as psycho physiological basis of the development of mental health has been studied with a content analysis of the individual products, behavioral manifestations in the trainings, Ilyin's Tapping test, questionnaires, self-reports and interviews, using the method of expert estimates.

In conducted content analysis of the data on the individual style performance. Units of analysis have been isolated. The form of learning activities and the relationship between the selected units of analysis are shown in

Table 1. The data obtained allow to build the content of learning tasks, stages of employment in accordance with the specifics of the study group and each participant, and to provide forms of adaptation to different types of educational activity. We believe that the style of performance is largely dependent on external conditions.

Table 1 Individual style of working capacity indicators

I	II
Attention distribution to the diversity of sources.	Concentration, the retention on a particular purpose
Propensity to perceive a generalized information, interactive work, a variety of material, theory, and the search for new sources. Avoiding monotonous work that requires concentration.	Concentration, propensity to perceive the specific facts, case studies, drawing on past experience, the information on one main direction. Avoiding dispersion of attention to different sources of rambling information.
Inclusion in the work, working capacity high tempo	The work slowdown, the tendency to stress
Susceptibility to all types of learning activities, (except monotonous) creativity, independence.	need to focus on internal planning, minimization of external activity, recreation, empowerment.
Relaxation	Tension
When holding attention at work in general, preliminary its execution, the ability to run relaxed.	Keeping precise focus on execution tasks, the intensity in detail.
Activity fluctuations	Even distribution of forces
Work on the individual schedule.	Permanent rechecking the results.
Stage of principal highlight	
Characterized by aspiration prioritize the execution tasks, the cost of of forces are optimized for the main key parties work.	
Involvement in the work immediately	Involvement in the work gradually
Preference to orient on the situation, in the process, or aspiration to participate in activities from the start.	Preference to pause, to think, to prepare before being more active.
High level I (idea generation + lack diligence, concentration) can be offset by work in small groups. Combinations II allows you to focus on the execution of routine monotonous tasks, with the specification of outputs and outcomes. Overestimated high level II should be compensated. For example, work with individual schedules or mutual aid.	

We have to describe the relationship of typological and socio-psychological blocks in experimental study of psychological health.

Let us consider the relationship of temperament, stress, coping in a group of coping strategies, social-psychological processes in the study groups, group dynamics, stages, style of management and roles.

In general, today we can speak on actually existing integrative personality-situational approach, which promotes a new understanding of the relationship of “personality” and “environment”. According to this approach, people differ in the expression of the stability of their personal characteristics in different situations. Situations vary according to how they contribute to or delay the expression of individual differences in people, and people with certain personality traits tend to choose certain types of social situations. The work affects the quality of perception and evaluation of problem situations by periodic “clash” of personal abilities, capabilities, skills with the requirements of professional activities.

Thus, coping strategies or coping behavior aimed at eliminating or reducing the impact forces on the individual stressor. Successful adaptation to stress by the level of development of coping resources. Types of coping resources:

- Physical (health, stamina, etc.);
- Psychological (beliefs, self-esteem, locus of control, etc.);
- Social (social relationship).

There is a wide range of coping strategies, behavior, classification and description of which is presented in a number of articles [5, p.29].

We present the results on stress resistance, set of methods has also been applied. The main method was coping strategies test. It identifies stylistic features of reactions to stressful and difficult life situations that can be transmitted in the process of socialization or education. Coping strategies manager often affect stress resistance characteristics in the group, which he directs.

Our analysis of the literature showed that mental health is the result of individual socialization. Until now, there is the basic idea in different areas of psychology and closely representatives in psychoanalysis. Such a view is typical of areas of modern psychology and clearly presented in humanistic psychology, in works of A.Maslow, E.Fromm, K.Horney, K.Abulkhanova-Slavskaya, G.S.Abramova and others [7, p. 89 3, p. 214, 8. 86].

K.Lester [1], investigating the processes of socialization in totalitarian societies, shows that, with experience of social life in a dorm, the individual usually has to give up part of the self through the adoption and implementation of social roles. But, in his opinion, the most neurotic creates a mismatch of the individual views of their actual Ego and ideal Ego. The ideal Ego generated by social environment, usually points at the imperfections of the real Ego. This is expressed by the form of guilt, anxiety, personal degradation, etc. Also, many studies highlight that conflict situations, difficulties in self-realization arising from the mismatch of role expectations (K.Lewin, R.Belbin, E.Berne, V.K. Shabelnikov etc).

In the experiment, we investigated the relationship between coping strategies of group leaders and the most dominant preferences in the training group. Our conclusions were based on the results of the used tests were compared with those of other researchers, which had an analysis of situational context coping behaviours leaders of different groups.

Many managers with problem-oriented coping strategy believe that the most stressful issues connected with working conditions, problems with facilities and equipment and financial resources.

In the group with an emotionally-oriented strategy is the most stressful situations related to interpersonal relationships, psychological climate, disrespect and lack of understanding representatives in the reference group. Thus, the most stressful for this group is the subjective perception of the situation.

The third strategy of avoiding coping is a situation related to the implementation of direct duties, with a system of authority, responsibility and accountability, and alignment with the adoption of decisions and other management functions.

And finally, fourth coping strategy relates to finding social support, participants consider problematic, situations related to dissatisfaction with the relationship in the team, the social and psychological climate, lack of respect of his subordinates and colleagues.

Coping strategies of students and management styles of group leaders we compared to ability to consider the stressful period of work, characteristic for individual style and a rhythm of performance of the task, found in the above described content analysis. Comparison with ability of students to consider the role, personal and professional repertoire in group and dynamics of group is carried also out them. It allowed to reveal actual abilities of subjects of educational process to self-control, a self-reflection and other forms of self-realization. On this basis, we developed methods to initiate of health preserving skills of studying youth.

We should emphasize that the social and personality training includes techniques, methods and techniques which have not only education, counselling, and preventive and remedial and therapeutic functions, but also diagnostic. Among them are the diagnostic methods of business roles, methods of coping strategies, we modified the technique of Semantic differential, techniques of transactional analysis of communication, projective techniques and others [4,6,7,9].

Analysis of the results of the experiment showed the following:

- An integrated approach to the study of the psychological health of personality, the usage of our three-component model system revealed the relationship between various components

- Flexible structure of three-component model developed by the authors of this study is able to include a variety of methods, depending on the specific tasks of learning and development. It allows participants to be creative in self-knowledge and in active obtaining skills of health preserving. Proposed in the training program the model can be extended and modified. However, in our opinion, the general idea of an integrated approach to the relationship of all model's components has to remain stable. Only in this case we can talk about the successful implementation of principles of humanity and personality-oriented education.

- We developed and adapted our technology in developing of mental health contributed to the realization of individual approach in the educational process, as we applied a wide range of quantitative and, most importantly, qualitative methods for the study of personality.

• Our modified technique, exercises, technology can be applied not only to psychologists, but also to wide range of the participants of the educational process, to working professionals in the field of applied educational psychology.

As a result, the implication of compulsory psychological support of subjects' activity in the educational process, formulated in conception of the health-preserving environment and based on scientific data, has been confirmed in our research. Further, we plan to conduct study an additional factors influencing on development of psychologically healthy personality relating to age, ethnic features and social status, etc.

1. <http://www.philosophyday.ru/philos-114-1.html> Современная цивилизация и психическое здоровье личности. Другая философия / Психофизическая проблема в науке и философии / Современная цивилизация и психическое здоровье личности.

2. www.vashpsixolog.ru Источник: Мороз Н.Я. Психофизиологические основы индивидуального стиля деятельности: вопросы и ответы: справочный материал. – Витебск: УО «ВОГ ИПК и ППР и СО», 2005.

3. Бадхен А., Каган В. Новая психология и духовное измерение. СПб.: Гармония, 1995.

4. Климов Е.С. Психология профессионала. – М.: Изд-во «Институт практической психологии», Воронеж: НПО «МОДЭК», 1996. – 400 с.

5. Либин А., Либина А. Стили реагирования на стресс: психологическая защита или совладание со сложными обстоятельствами // Стиль человека: психологи-ческий анализ. – М., 1998.

6. Психология 21 век. //Под ред. Дружинина В.Н. –М., 2003.

7. Таланов В.Л., Малкина-Пых И.Г. Справочник практического психолога. -СПб.-М., 2004.

8. Шкуратова И.П., Габдулина Л.И. Стили общения. Пособие по спецкурсу Диагностика индивидуальных особенностей общения”. – Ростов на Дону, 2000.

9. Шнейдер Л.Б. Реконструкция профессиональной идентичности: структур-ный и динамический аспекты /Развитие личности. 2000. -№2. - С. 44-69.

10. Мельник С.Н. Теоретические и методологические основы социально-психологического тренинга. – Владивосток, 2004.

11. Шабельников В.К. Психика как функциональная система. – А-Ата, 1996.

Түйін

Мақалада білім алушы жастардың психологиялық денсаулықтарын зерттеудің кейбір нәтижелері және теориялық негіздері, мазмұны сипатталады.

Резюме

В статье описаны теоретические основы, содержание и некоторые результаты исследования особенностей психологического здоровья учащейся молодежи.

МУҒАЛІМДЕР ҰЖЫМЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ

З.Ж. Айджанова – Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, Ақтау қ.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Тіпті бірқатар дамыған елдерде бұл идея ұлттық қағидаға айналған. Сондықтан халықаралық ұйымдар әлемі елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің рейтингін анықтауға кірісіп, оның теориясы мен тұжырымдалары жасалып жатыр. Ал Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін жүзеге асырудың тиімді жолдары Елбасының «...бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» жолдауында айқындалған. Адамның жалпы білімін көтеру кең ауқымды мәселе болып отыр. Олардың біліктілігін, дағдыларын қалыптастыру қажеттігі еліміздегі ғылыми-техникалық және әлеуметтік-мәдени жетістіктерінің қарыштап дамуынан туындайды.

Жастарды оқытуға оларға кәсіби білім беруге, мамандарды жан-жақты даярлауға қоғам мен мемлекеттің бүгінгі таңда барынша назар аударуы да сондықтан. Елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігінен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі білім жағдайына тез бейімделетін өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлғаны даярлау. Елбасының Қазақстан халқына жолдауында «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» деп тұжырымдалса, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Орта білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайында алынған терең білімнің кәсіби дағдыларын негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қажетті жеке тұлғаны қалыптастыру» деп атап көрсетілген.

Елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, елімізді алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына шығаруға бағытталған қазіргі мемлекеттік саясаттың жүзеге асуы білімге деген көзқарасты түбегейлі өзгертіп отыр. Оның негізгі мақсаты – тек оқушыларға білім беріп қана қою емес, сонымен қатар олардың дара, әлеуметтік және кәсіби құзырлығына негізделген білік пен дағдыларын қалыптастыру, яғни ақпараттарды өз бетімен алу және тиімді пайдалану, өзгермелі дүниеде барлық кез-келген жағдайларға дайын болу және бейімделе алу, тиімді де табысты өмір сүріп, еңбек етуге баулу болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы білім сапасын арттыруға бағытталған қайта құрулардың, қазақстандық білім жүйесінің алдында тұрған стратегиялық міндеттерді шешудің, қажеттілігінен туындады.

Білім беру – адамның, қоғам мен мемлекеттің мүддесі үшін білім беру мен тәрбиелеудің мақсатты процесі. Жаңа қоғамға жаңа білім керек. Мұнда

негізгі бағдар тек болашақ маманның жоғары әсіби шеберлігіне ғана емес, сол секілді оның қазіргі ақпараттық қоғамдағы жалпы білімдік даму деңгейі-не жасалады. Қазіргі түлек өз саласы бойынша құзырлы, өз бетінше дұрыс та жауапты шешім қабылдай алатын болуы керек. Жоғары кәсіби құзырлылығының үстіне, қазіргі маман, соның ішінде ХХІ ғасырдың ұстазы өз біліктілігін үздіксіз көтеріп отыруы керек, өйткені қазіргі уақытта бүгінгі білгенің ертен ескіріп, оның орнын маңызды жаңа білімдер басып отыратыны айқын.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында (18 ақпан, 2005 жыл): «ХХІ ғасырда білімін дамыта алмаған ел тығырыққа тіреледі. ...Қазіргі замандық білім жүйесінсіз және қазіргі заман-ғы менеджерлерсіз біз инновациялық экономиканы жасай алмаймыз... бәрі де мектептен басталады. ...Біз мұғалімнің беделі мен мәртебесін қайтаруымыз керек», – деген болатын.

Мұғалім – мектептегі басты тұлға. Оқушыларға білім беру мен тәрбиелеу ісінде мұғалімнің оқытушылық, тәрбиелеушілік қызметінің өзегінде оның жеке тұлғасы тұрады. Мектеп оқушыларының психикалық және тұлғалық дамуына, олардың сұраныстары мен мотивтерінің, өз бетімен шығармашылық ойлауының, өзіндік ақыл-ойының дамуына, әлеуметтік белсенділігі мен адамгершілік-имандылық тәрбиесіне, көп жағдайда, мұғалім тұлға ретінде де, кәсіби маман ретінде де тікелей ықпал етеді.

Қазіргі заманның жаңа қоғамдық тапсырыстары мен әлеуметтік сұраныстары мұғалімнің тұлғалық және кәсіптік деңгейіне жоғары талаптар қойып отыр. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі жылдардағы қоғамдағы оң өзгерістер, Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы өз орнын айқындап, экономикалық, әлеуметтік саладағы реформаларды дәйекті жүзеге асыруы, білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеру талаптары, Қазақстанның әлемдегі дамыған елу елдің қатарына енуін көздейтін мемлекеттік бағыты еліміздің болашағы – жастардың жан-жақты білім алуын, өз мамандығын шебер игеруін, қазіргі жаңа ақпараттық технологиялар мен бірнеше тілді еркін меңгеруін талап етеді. Бұл туралы «Қазақстан–2030» стратегиялық даму бағдарламасында, елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен Үкіметтің бірқатар қаулы-қарарларында жеткілікті айтылып келеді.

Соңғы жылдарда білім беру ұйымдарындағы психикалық саулықты сақтау проблемасының көкейкестілігі барынша артып отыр. Қазіргі мектептің тұлғаға бағытталған модельге көшуіне байланысты мұғалім тұлғасына, оның оқу процесіндегі роліне қоғам тарапынан жоғары талаптар қойылуда. Мұғалімнен жұмысқа шығармашылық қатынас, педагогикалық техника (сөйлеу, педагогтік әдеп, мәнер) мен жаңа педагогикалық технологияларды шебер меңгеру, оқушылар мен әріптестерінің психологиялық ерекшеліктерін жақсы біліп, соған сәйкес әрекет ету, жобалаушылық біліктіліктер талап етілуде.

Біз «Жақсы мұғалім ғана жақсы оқушыны тудырады» деген аталы сөз – ақиқатты ұмыта алмаймыз. Мұғалімнің педагогтік қызметке жарамдылығы

ең алдымен оның дене және психикалық саулығына, дұрыс сөйлеу қабілетіне, жүйкесінің мықтылығына, күшті абыржушылыққа төтеп беру қабілетіне, төзімділікке, т.б. тығыз байланысты. Мұнан кейін ғана мұғалімге терең теориялық білім мен сол білімді оқушының санасына сіңіре алатын әдіскерлік шеберлік керек.

Өмірдің шуағы мен нәрін себуші тұлға – мұғалімнің басты міндеті алдындағы оқушылардың ішкі сезімін оята білу. Мұндай жауапты да ауыр жүк арқалап жүрген ұстаздардың ішкі жан дүниесі мен сыртқы бет-бейнесінде жоғары мәдениеттілік, терең теориялық білім мен әдіскерлік шеберлік, үйлесімділік болуы шарт. Сондықтан, мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттерінің психологиялық ерекшеліктерін талдап көрсетудің, оларды жетілдіру мен тиімділігін арттырудың жолдарын, психологиялық әдіс-тәсілдерін пайымдаудың маңызы зор.

Халықтың қазіргі ұғымында мұғалімді тек жақсылықтың, мейірімділіктің жиынтығы деп түсіну басым. Алайда, әрбір мұғалім – ең алдымен адам, яғни оның бойында жетістігімен қатар кемшілігінің (пенделігі десек те болады) де болмағы анық. Демек, әр мұғалімнің (немесе жеке мұғалімнің) күштілігі мен әлсіздігі неде деп қарастырған дұрыс болмақ. Бұл – өте күрделі мәселе, өйткені әрбір мұғалім – жеке бір әлем. Оның барлық қасиеттері мен қабілетін сараптап, талдау жасау, қажетті білімдермен қаруландыру, психологиялық қолдау көрсету мен әлеуметтік тұрғыдан еңбегіне сәйкес ынталандырып отыру – заман талабы. Мұның бәрі кешенді түрде жүзеге асырылуы тиіс. Бүгінгі күн алға қойып отырған міндеттердің ішіндегі ең бастысы – психологиялық қолдау.

Еліміздің әлеуметтік жағынан дамуы оның азаматтарының адамгершілік және шығармашылық белсенділігінің дамуымен тығыз байланысты. Қоғам-дағы жетістіктердің негізгі күші – адам, оның білімі, шеберлігі, еңбектегі табандылығы, ойлауы мен адамгершілік қасиеттері. Еңбектің қай түрі болма-сын адамның психологиялық мүмкіндіктерін мейлінше толық, жан-жақты ескеріп, соған сәйкес ұйымдастырылса ғана жақсы нәтиже берері сөзсіз. Адамның жан дүниесімен сырласып, оның психологиясын зерттеп жүрген мамандар, психологиялық көмектің әрбір тұлға үшін аса қажет екенін айтады.

Қазіргі білім беру жүйесін қайта құру мен ұйымдастырудың басты жұмыс жоспарында тұлғаның өзіндік ерекшелігін танып білу мен дамыту және өз мүмкіндігін пайдалы істерге қолдана білуге жағдай жасау мәселесі қойылған. Атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Адамды жан-жақты тәрбиелеу мен дамыту үшін оны жан-жақты біліп алу керек» деген қағидасын қазіргі заманға лайықталып айтылғандай.

Осы тұрғыдан алғанда, жоғарыда аталған мәселелерді жүзеге асыруда білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет көрсету жұмысы маңызды болып табылады. Осыған байланысты білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарына тоқтала кетсек.

Халық ағарту жүйесіндегі психологиялық қызмет аса қажетті салалардың

бірі. Қазіргі таңда психологиялық қызмет жүйесі екі бағытта жұмыс атқарады: өзекті және болашақты. Өзекті бағыт баланың жеке басының қалыптасуындағы бүгінгі күнгі қиындықтар мен ауытқушылықтарды шешуге арналады. Болашақтық бағыт әр баланың даралық ерекшелігін дамытуға, қоғамда өмір сүруге психологиялық тұрғыдан даярлауға және әр баланың қабілетін барынша, әрі мүмкіндігінше дамытуға психологиялық жағдай туғызуға бағытталған.

Психологиялық білімді мектеп тәжірибесінде қолдану және психологиялық қызмет көрсету психологтың көмегімен іске асырылады. Психологтың жұмысы балалардың белгілі жастағы психикалық жаңа түзілімге, сонан соң олардың дамуындағы потенциалды мүмкіндіктерін пайдалануға негізделіп құрастырылады. Әр кезеңдегі жас ерекшеліктерін ескермей балаларды дұрыс тәрбиелеу мүмкін емес.

Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әсер ететін қоғамдық жағдайлардың да мазмұны өзгеруде. Психолог кәсіби кеңес кезінде өзіндік бағаны дамытуда және жеке тұлғаның барлық оңтайлы (жақсы) қасиеттерін көрсетуге, өзіндік анықталудың объективті дамуына көмектесу керек. Кеңес беру кезінде «сенімділік» жағдай туғызып және кеңесті әдепті, өнегелі түрде өткізуі керек. Жеке адамды қоғамның қажеттілігі мен талаптарына сай бағыттау керек. Психологиялық көмек пен түзету жұмыстары психологтың белгілі бір жастағы баланың психологиялық дамуын ескере отырып, адамның ішкі дүниесіне әсер етуге негізделіп жүргізіледі.

Демек, мектептегі психологиялық қызметтің негізгі мақсаты мектеп оқушыларының жеке тұлға ретінде қалыптасуына, олардың шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуына, қабілеттері мен бейімділіктерінің дамуына көмектесу, олардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, мұғалімдер ұжымында психологиялық қызмет ұйымдастыру.

Психолог-әдіскердің қызметтік міндеттері:

1. Мектептердің психологиялық қызметінің жүргізілуіне әдістемелік жәрдем беру;
2. Әдеп, психология пәндері мен курстарының оқытылуына жетекшілік жасау және осы пәндерден жәрдем беру;
3. Мектеп психологтарымен тұрақты жұмыс істейтін семинарлар;
4. Мектеп басшыларының (директор, меңгеруші) білім жетілдіру істерін үйлестіру және әдістемелік жұмыстарына басшылық;
5. Педагогикалық, психологиялық ғылым жетістіктерін, жаңа технология-ларды оқып-үйрену және аудан мектептеріне тарату;
6. Шығармашылық топпен жұмыс;
7. МАБ және ҰБТ сынақтарына психологиялық дайындық жұмыстары;
8. Курстық білім жетілдіру істері;

Психолог-әдіскердің жұмыс жүйесі

Жаңа технологияны насихаттау жолдары:

- Шығармашылық топ
- Баспа жұмыстары

- Педагогикалық озат тәжірибе
- Семинарлар, конференциялар, әдістемелік отырыстар

Психологиялық зерттеу, түзету, кеңес беру:

- МАБ және ҰБТ – психологиялық дайындық
- Әскери дала жиыны
- Мамандық таңдау

Әдістемелік қызметті аудандық деңгейде ұйымдастыру:

- Жобалау-жоспарлау
- Ұйымдастыру-үйлестіру
- Бақылау-мониторинг

Әдістемелік жұмысты жүргізу объектілері:

- Мектеп басшылары
- Психологтар
- Педагогтар
- Ата-аналар
- Оқушылар
- Аудандық әдістемелік кабинет

Мектеп психологтарына әдістемелік көмек беру деңгейі

Мектеп басшылары мен психологтарды психологиялық ағарту:

(Қарым-қатынас барысындағы оқушылардың іс-әрекетінің психологиялық негіздері, жас ерекшелігі жөнінде білім беру).

- лекциялар;
- семинарлар;
- бағдарламалар.

Мектеп психологтарын әдістемелік қолдау:

(Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет бойынша тиімді әдіс-тәсілдер мен ұсыныс-нұсқаулар жасап, оқыту).

- конференциялар;
- семинарлар;
- дөңгелек үстелдер;
- әдістемелік отырыстар.

Мектеп психологтарына кеңес беру:

(«Оқушы – ата-ана – мұғалім» қарым-қатынасындағы ерекшеліктер туралы және олардың ықпалын талқылау).

- әдістемелік ұсыныстар;
- әдістемелік нұсқаулар;
- әдістемелік жинақ.

Мектептің мұғалімдер ұжымын, психологтарын психологиялық қолдау:

(Мектеп психологтарының шығармашылық өсуіне, кәсіби және тұлғалық дамуына ықпал жасау).

- тренингтер;
- іскерлік ойындар.

Мектеп жағдайында мұғалім мамандығы «Адам-адам» қатынасындағы мамандық болғандықтан, оның еңбек етуінің негізгі бағыты қарым-қатынас

болып табылады. Ал қазіргі мектептердің нағыз тірелетін тұғыры педагогика-лық қарым-қатынастың өзі. Демек, дұрыс жоспарланған және тиімді ұйым-дастырылған іс-шаралар бағдарламасы өз кезегінде жеке адамға да, тұтас ұжымға да үйлесімді қарым-қатынас орнатуда өз пайдасын тигізе алады.

Білім беру ұйымдарындағы адамгершілік-психологиялық жағдай жақсы болу үшін басшы, мұғалім, ата-ана, оқушы арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, нығайту мақсатымен олардың барлығының психологиялық білімін көтеруі керек. Психология ғылымы жеке адам үшін де, тұтас қоғам үшін де тигізетін пайдасы көп. Ол жеке рухани ішкі дүниесін, психика құбылыстарының даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттей отырып, адамға өзін-өзі тану, түсіну, өзінің өзгешеліктерін білу, өмірдегі жолын табу, басқалармен қарым-қатынасын ұйымдастыруға көмектеседі. Сол себептермен білім меке-месінде істейтін әрбір оқытушы жақсы психолог болуы керек. Ол шәкірттері-мен үнемі араласып, жақын жүргендіктен оларды бақылау, байқау, әңгімеле-су, мағлұмат жинау арқылы зерттеу жүргізіп, олардың жақсы-жаман қасиет-терін, қабілеттерін, ерекшеліктерін білуге міндетті. Баланың дүниені тануға, үйренуге ерекше құштар кезеңін өткізіп алмай, дер кезінде үлгеруі қажет.

Жоғарыда талданған бірқатар мәселелер білім беру саласында балалардың жас ерекшелігіне сай ақыл-ойын дамытуда ұтымды әрі тиімді нәтиже алу негізінде мектеп психологына, ұстаздарға, олардың жеке басының өзіндік ерекшеліктерін түсіне білуіне, өзара қалыптасқан қарым-қатынасына ықпал етуде, оқушының жалпы дүниетанымын анықтауға, оларды болашақта жеке басын дамытуға өз алдына әрекеттене білуіне бағыттауға мүмкіндік береді деп сенеміз.

1. *Профессиональная деятельность психолога в работе с педагогическим коллективом. Учеб. пособие для системы доп. проф. пед. образования / Т.Н.Банникова, Ю.П.Ветров, Н.П.Клушина. - М.: Книголюб, 2008. - 231 с.*
2. *Белехов Ю.Н., Буланова О.Е., Бурмистрова Е.В. Психологические центры: Организация, содержание деятельности, документация (под ред. Малых С.Б.). - М.: Генезис, 2007. - 248 с.*
3. *Буланова О.Е. Формы организации школьной психологической службы. // Учебный план и программа спец. курса. - М.: МГУ, 2004.*
4. *Бурмистрова Е.В. Проектирование профессиональной позиции психологии в образовании. Автореф. дис... канд. психол. наук. - М., 1999. -144 с.*
5. *Галстян О.А. Влияние взаимодействия психолога и педагогов на развитие профессиональной компетентности педагога. Автореф. дис..канд.психол.наук. - М., 2008. - 23 с.*
6. *Дубровина И.В. Психологическая служба образования // Психол. наука и образование. 2001. - N 2. - С. 83-93*
7. *Рубцов В.В. Психологическая поддержка современного образования. [О развитии столичного образования на базе НОК "Психология "] // Известия РАО 1999. - N 1. - С. 49-58.*

Резюме

В этой статье излагаются проблемы деятельности психологической службы и ее роль в обеспечении эффективного развития современного образования.

Summary

In this article the problems of activity of psychological service and her role are expounded in providing of effective development of modern education.

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫ – НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІ

П.Е. Жарылғасова – *КМТЖИУ, магистрант, Ақтау қаласы*

Мемлекетіміздің дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы еліміздің жаңа сапалық деңгейге жылдам өту қажеттілігін туындатуда. Осыған орай қазіргі кезде жасалып жатқан реформалар даму институттарының қалыптасуына немесе өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге және саяси бағыттардағы осындай өзгерістер өмірдің барлық саласындағы шығармашыл тұлғаның мәртебесін көтеріп, мерейін үстем етуде.

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Қазіргі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзінің «Менін» сезінуге, толықтыруға көмектесетіндей, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс. Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін - әрбір мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс.

Білімін тұрақты көтеріп отыру – мұғалімдердің құқықтары әрі міндеттері, білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, Мемлекеттің дамуының құралы болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби дайындығы – оның жан-жақты білімімен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ.

Әдебиеттерде педагогтың қызметі атқарушы сипатта болмауы керек деген ой қатты қалыптасып қалған. Алдымен, ол өз қызметінің мазмұнын шығарма-шылық сипатта қайта құрушы, болуы керек.

Шығармашылық мәселесін зерттеген көптеген ғалымдардың пікірінше (Д.Б. Богоявленская, В.Н. Дружинин, В.А. Петровский, Я.А. Пономарев және т.б.) – шығармашылық дамудың ең әмбебап тәсілі болып табылады, оны қалыптан тыс жерлердің бәрінен іздеу керек делінген. Тіпті, осындай даму-дың бірден бір көзі сыртқы себептер мен қажеттіліктер ғана емес, тұлғаның ішкі жан дүниесінің қажеттіліктері болуы керек. Кез келген шығармашылық-тың, әсіресе педагог қызметіндегі шығармашылықтың қажетті шарттары, әлеуметтік ұғым, соқыр наныммен қалыптасатын шектеулерден тәуелсіз байқалатын ішкі еркіндік болуы тиіс.

Айтылғандардан ұғатынымыз, педагогтың кәсіби қызметіндегі шығарма-

шылық, әр түрлі авторлармен бірнеше мәрте айтылып өткендей, мұғалімнің қалыпты жағдайдан тыс шарықтауына мүмкіндік береді. Оның қызметі бұрын соңды болмаған жаңа дүниенің пайда болуымен, өзінің және өзгелердің тәжірибелеріне қатысы жоқ шығармашылық қатынаспен сипатталуы керек.

А.К. Маркова мұғалімнің шығармашылық қызметін бағалауға болатын бірнеше белгілерді атайды. Бұл: ұқсастықтарды анықтап, тұжырымдай білу, бір қарағанда айқын нәрсеге күмән келтіру, атүсті тұжырымдардан қашқақ-тау, проблемаға бас сұға отырып, шынайылықтан қол үзе білу, болашаққа көз тігу, атакқұмарлыққа баратын жолдан бас тарту, таныс нысанға басқаша көзқараспен қарау, «қара мен ақ» деп бөлу мен қатан пайымдардан бас тарту, үнемі шығармашылық ізденісте болу [1].

П.Ф.Каптеревтің айтуынша, шығармашылық, білім беру барысында оқушы мен мұғалімнің арасындағы оқыту ынтымақтастығын дамытуға қажет негіз болады. Шығармашыл мұғалім мен оқушыны «өзін өзі оқыту мен өзін өзі дамыту қажеттілігі» бірлестіріп, байланыстыруы тиіс. Ал негізі, бала мен ересек адам бір сызықтың бір біріне қарама қарсы екі ұшы секілді. [2, б. 83].

И.А. Зимняя, В.А. Кан-Калик, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова және басқа-лардың пікірлері бойынша педагогикалық қатынастың негізін, алдымен, мұғалімнің гуманистік ұстанымы, оның басқа адамға деген қызығушылығы, сондай-ақ, өз өзіне қатынасу қажеттілігі, содан кейін нақты құралдар мен қатынас құралдарын пайдалануы қаламақ.

Авторлар атап өткендей, мұғалім үшін ең маңыздысы, оңтайлы қатынас, «тәртіпке келтіру» басты мақсат болып табылатын жағдайда орын алмауы керек. Оқушылармен рухани құндылықтармен бөлісу, тыңдауды талап ету мен бұйрық беру қатынас стилін қойып, балалармен ортақ тіл табу. Бұл алдымен, сенім білдіру болып табылады. Бұл жерде авторлар, оңтайлы тілдесу деп, «ашық» педагогикалық тілдесуді атайды, яғни, мұғалім оқушы-лардың арасындағы қарым қатынасты жеңілдетеді, оқу кезіндегі олардың бастамаларын ынталандырады, пікір білдіруде жеке тұлғалылығын алға тартады, ойын ашық құрап, сыныпта орын алған жағдайға қатыстылығын сезіндіреді [3].

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін қарастырған жағдайда, алдыңғы орынға педагогтың жеке тұлғасы шығады. Мысалы, алдымен, мұғалімнің тұлғасы – оның құндылықтары, ойлары, пайым-түйсіктері – педагогикалық қызметтің мәнін айқындайды .

«Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжі-рибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзыр-лылық – белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің негізгі шарттары:

1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.
2. Қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психоло-гиялық аспектілерін меңгеруі.

3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.
4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті
5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.
6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

«Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті» – деп түйіндейді белгілі оқымысты Т.Г. Браже. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педогогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді. Қазіргі оқытудың жаңаша технологиясын меңгерудің өзі ұстаздан шығармашылықты талап етеді. Ал шығармашылықпен жұмыс жасау үшін мұғалім өзінің кәсіби біліктілігін арттырып отыруы қажет. Мұғалімнің өз кәсіби қызметтерін шығармашылықпен атқаруына әр деңгей-дегі әдістемелік жұмыстарды инновациялық бағытта ұйымдастырып өткізудің ықпалы мол. Біліктілігін арттырушы мұғалім өзінің білімін, жалпы дүниета-нымын кәсіби және әдіснамалық деңгейін жоғарлатады, психологиялық-педогогикалық сонымен қатар әдістемелік сауаттылығын жетілдіреді. Ең бастысы бұл білімдер мен білік дағдыларды құзырлылық ұстанымдарының талаптарына сәйкес өздерінің меңгеруі және сол жолдар арқылы өздерінің ойлау жүйесін, шығармашылығын өнертапқыштығын, рефлексиялық машы-ғының дамуына жол ашады.

Сол кезде ғана мұғалімнің өзіне-өзі баға беру деңгейі артып, өзін-өзі анық-тап, үздіксіз өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік туады.

Білім – тоқтаусыз толассыз үрдіс. ХХІ ғасыр білімін біз адамның қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің дамуы деп түсінеміз. Бұл әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгерте алуға қатыса алуы. Ол арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші дамып, тұлғалығы қалыптасады. Білім – мұғалім үшін оның шығармашылық әлеуетін дамыту-дың үрдісі. Даму да, білім де ешбір адамға қолдан беріле салмайды. Кімде кім оған қол жеткізгісі келсе әрекет етуі, күш салуы қажет. Бұл тұрғыдан алғанда кез келген білім-ол өз бетінше білім алу. Шығармашылық әлеуеттің дамуы өз білімін көтеруге негіз болады. Мұғалім шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, өзінің күзиреттілік аясын кеңітеді. Кәсіби күзиреттілік маманның әлеуметтегі дәл осы уақыттағы қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес өзінің кәсіби педагогикалық қызметін атқаруға дайын-дығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер жиынтығы немесе жекелік-кәсіби сипаттама. Кәсіби күзиретті еңбек деп мұғалімнің педагогикалық әрекетті өте жоғары деңгейде атқара алуы, педогогикалық қарым-қатынасқа

түсе алуы нәтижесінде оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейінің жоғары болуы деп санаймыз. Кәсіби құзіреттілік бір нәрсе жайлы беделді ой, кесімді пікір білдіруге мүмкіндік беретін білімділердің сипаттамасы ретінде қарастырылады.

А.Н. Леонтьев болашақ педагог, қазіргі студенттің тұлғалылығын дамыту – бұл кәсіби білім, қабілет, тәсілдердің жиынтығы ғана емес деп атап өтті. Ең басты нәрсе осы болашақ кәсіпқойлардың тұлғалық мотивациялық саласын құруда жатыр. Мұғалім не үшін жұмыстанады? Қандай мақсаттар мен міндеттер қояды алдына? Ол мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай тәсілдер мен жолдарды таңдайды? Міне, педагогты дайындауда арнайы қаралатын түпкі мәселелер осындай болуы керек [4].

Педагогқа тұлға ретінде қойылатын талаптарды талдаған кезде, алдымен, болашақ мұғалімнің педагогикалық бағытындағы мінез-құлық маңыздыды-лығы атап өтіледі. Яғни, жеке құндылықтары, дәйекетер, мақсаттары оқушы-ның жеке тұлға болып қалыптасуына жұмыстануы керек. Берік педагогика-лық бағыт – бұл ең бастысы мұғалім болып қалыптасып, мұғалім болып қалу, өз жұмысындағы көптеген қиындықтарды жеңе білуге деген құштарлық.

Мұғалімді кәсіби дайындау міндеті кезінде педагогтың кәсіби сана сезімін құру түпкі міндеттердің бірі болып қалуы керек. Бұл ретте, мұғалімнің кәсіби дайындығы оқушыларға берілетін білім мен қабілетінің жиынтығы болмау қажеттілігі бірнеше рет қайталанатын. Е.А. Климов кәсіби сана сезім келесі-ден тұратындығын айтады:

- Мұғалімнің жеке қызметінің нормалар мен тәртіптерді және жалпы ерекшеліктерді сезінуі;
- Осы құндылықтардың басқаларда барлығын сезіну, басқа кәсіпқойлар-мен өзін салыстыру;
- Өзін кәсіпқой ретінде басқа қырдан қарау – оқушылар, әріптестер, басшылық көзқараспен қарау.
- Өз қызметі мен өз жеке тұлғалығын жекелеген тараптардан мұғалім ретінде бағалау;
- Өзіне мұғалім ретінде оң баға бере білу, өзінің дұрыс қырларына, болашағына, баға беру, орынды Мен-тұжырымын құру [5].

Осылайша, әдебиетті талдау көрсеткендей, авторлар педагогтың қызметі қандай болу керектігі туралы, өзара қатынастың қай түрі өнімді болатыны, кәсіби педагогтыңқандай жеке тұлғалық сипаттары болу керектігі туралы кең түсінік беруге тырысып келеді.

Бүгінгі заман талабы – жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан «тұлға» тәрбиелеу. Оқушы «тұлға» болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге жалпы алғанда жеке адамның құзіреттіліктері қалыптасуы қажет.

Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді – кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ.

1. Маркова А.К. Психология труда учителя. – М.: Просвещение, 1993.
2. Крутецкий В.А. Основы педагогической психологии. – М.: Просвещение, 1972. – 255 с.
3. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении: Кн. для учителя. – М.: Просвещение, 1987. – 190 с.
4. Леонтьев А.Н. Современные проблемы обучения и психического развития // Психология в вузе. – 2003. - № 1-2. – С. 232-241.
5. Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. – Ростов-на-Дону: «Феникс», 1996. – 509 с.
6. Құдайбергенова К.С. Құзырлық амалының негізгі ұғымдары. – Алматы, 2007.

Резюме

В данной статье говорится о профессиональной готовности будущего учителя, как основе качественного преподавания.

Summary

In this article talked about professional readiness of future teacher, as basis of the quality teaching.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

З.Ж. Айджанова –

п.ғ.к., кафедра доценті Ш.Есенов ат. Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы

Халық ағарту жүйесіндегі психологиялық қызмет аса қажетті салалардың бірі. Қазіргі таңда психологиялық қызмет жүйесі екі бағытта жұмыс атқара-ды: өзекті және болашақты. Өзекті бағыт баланың жеке басының қалыпта-суындағы бүгінгі күнгі қиындықтар мен ауытқушылықтарды шешуге арнала-ды. Болашақтық бағыт әр баланың даралық ерекшелігін дамытуға, қоғамда өмір сүруге психологиялық тұрғыдан даярлауға және әр баланың қабілетін барынша, әрі мүмкіндігінше дамытуға психологиялық жағдай туғызуға бағытталған.

Білім беру саласында балалардың жас ерекшелігіне сай ақыл-ойын дамы-туда ұтымды әрі тиімді нәтиже алу негізінде сабақтарды тренинг түрінде жүргізу мектеп психологына, ұстаздарға тренинг қатысушаларын жан-жақты әрі терең зерттеуге, олардың жеке басының өзіндік ерекшеліктерін түсіне білуіне, өзара қалыптасқан қарым-қатынасына ықпал етуде, жалпы дүниета-нымын анықтауға, оларды болашақта жеке басын дамытуға өз алдына әрекет-тене білуіне бағыттауға мүмкіндік береді.

Қарым-қатынаста әрбір баланың өзін көрсете алуы, топтық іс-әрекетті жатсынбай, белсенділік танытуы – бір жағынан, екіншіден қандай да мәселе-нің әр қырын көре білу, рефлексияны дамыту үшін топтық пікірталас аса маңызды. Тренингтік тәжірибеде қатаң жұмыс тәртібін, нақты тақырыпқа

негізделген – құрылымдық және еркін тақырыптағы пікірталастар қолданылады.

Жалпы тренинг дегеніміздің өзі – іс-әрекеттің бір немесе бірнеше түрлерін тиімді орындау мақсатында, оқытудың көмегімен адамның білімдері мен нұсқауларын өзгерту немесе дамыту бойынша жоспарланған және жүйеленген іс-шаралар жиынтығы болып табылады.

Дұрыс жоспарланған және тиімді ұйымдастырылған іс-шаралар бағдарламасы өз кезегінде жеке адамға да, тұтас ұжымға да өз пайдасын тигізе алады. Арнайы ұйымдастырылған топтарға қатысу тәжірибесі тұлғааралық өзара әрекет барысында туындайтын мәселелерді шешуге көмек бере алады. Топ – бұл тұтас сыртқы әлемді бейнелейтін және қолдан жасалатын қарым-қатынастарға шынайылық сипат беретін шағын қоғам болып табылады. Жанұяда, жұмыста немесе мүдделері ортақ топтарда адамдарға күнделікті басқа адамдардың ықпалы, әлеуметтік ықпал сияқты әр түрлі факторлар әсер етіп отырады. Осы факторлар топтық психологиялық жұмыстарда анықталады да, соның барысында жеке тұлғаның көзқарастары мен мінез-құлқына сәйкес ықпалын тигізеді. Нәтижесінде арнайы қабылдаған ортада жиналған тәжірибе, әдетте сыртқы әлемге алмастырылады.

Топтың екінші артықшылығы – оның басқа мүшелерінен кері байланыс пен қолдау алу мүмкіндігіне байланысты. Өзара топтық әрекеттер нәтижесінде туындайтын және орындалатын реакциялар топтан тыс уақыттағы тұлға-аралық қақтығыстарды шешуге көмегі тиеді.

Үшіншіден, топта тек оқиға қатысушысы ғана емес, көрермені де болуға мүмкіндік бар. Топтың өзара әрекеттерінің өту барысын бақылай отырып, өздерін белсенді қатысушылармен салыстырып, осы бақылаулар нәтижелерін өзіндік эмоциялар мен мінез-құлықтарын бағалау барысында қолдануға болады.

Төртіншіден, топ жеке тұлғаның дамуына ықпал ете алады. Топта тұлғаның өзіндік зерттеуіне жағдай жасалады. Топтық психологиялық жұмыс – бұл топпен жүргізілетін бірнеше, түрлі психологиялық іс-шаралар формасының жалпылама атауы. Топтық психологиялық жұмыстың неғұрлым жиі кездесетін үш формасы қолданылады:

- Топтық психотерапия;
- Топтық психологиялық оқыту;
- Топтық, жеке тұлғалық тренинг.

Тренинг топтарының дамуына ең алғашқы рет 30 жылдары әлеуметтік психологияның көрнекті өкілі ретінде танымал болған Курт Левиннің зерттеулері бастау болды. Оның пікірінше, жеке тұлға өзінің көзқарастары мен пікірлерін тек топ құрамында болғанда ғана тиімді өзгерте алады. Және де адам өзін басқалардың көзімен көре алған жағдайда ғана, өзінің қате пікірлерін анықтап, түзетіп, жаңа мінез-құлық формаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді [1].

Тренинг топтарында көптеген терапевтік топтарға қарағанда, өзара әрекет мазмұны өзара әрекет процесін түсіну құралы болып табылады. Топтық

процесс пен даму заңдылығын зерттеу тұлғааралық қатынастар мен табиғи жағдайдағы топ мүшелерінің мінез-құлық стильдері жайлы ақпарат береді. Тұлғааралық дағдылар мен әлеуметтік-психологиялық жете білушіліктің дамуы индивидтердің өз-өзін қабылдауға түрткі болатын топтық процесс-терді түсінуді болжайды.

Тренинг тобы – бұл ең алдымен «оқытушы зертхана». Әрине бұл әдеттегі үйреншікті зертхана емес, бұл оның қатысушыларын қажетті оқытумен қамтамасыз ету мақсатында құрылған уақытша аймақтық бірлестік болып табылады. Мұндағы әрбір қатысушы өз мінез-құлқындағы өзгерістерді зерт-теп, сонымен қатар осы өзгерістердің нәтижесін реттеп отыратын бақылаушы да бола алады. Топ мүшелері топ мақсатын анықтауға, мінез-құлық өзгерісін бақылауға, әрекетті жоспарлау және нәтижені талдауға қатысады. Топта шынайы өмірде кездесетін мәселелер мен қақтығыстар қарастырылады. Бір ерекшелігі, тренинг топтары шынайы өмірде әрдайым шешіле бермейтін мәселелерді шешу мүмкіндігін қамтамасыз ете алады.

Әртүрлі топтық психологиялық жұмыстардың формаларын сипаттап, негіздегенде бірнеше ұғымдар қолданылады: топтық психотерапия, коррекциялық топ, тренингтік топ, топтық жұмыс, тренингтік жұмыс, топтық әдіс, белсенді топтық әдіс және т.б. Жағдайдың бұлай болуы, психологиялық әсері бар топтық жұмыстың психологиялық, педагогикалық теория мен тәжірибеде жан-жақты қарастырылуымен анықталады. Алайда, жоғарыдағы ұғымдардың барлығы да бір негізде: психологиялық әсердің тиімділігі топ феноменологиясымен, ал, топтық жұмысты ұйымдастыру басты үш аспектінің оқыту, психотерапия және психокоррекция қиылысуымен анықталады.

"Тренингтік сабақтар", "тренингтік топ", "топтық әдіс" ұғымдарын әрбір психикалық дені сау, өзінің психологиялық мәселелерін шешуге және өзіндік жетілуге, дамуға мүмкін болатын шағын топтың ерекше қарым-қатынас жасауға негізделген оқыту формасы деген мағынада қарастырылады. Әлеуметтік-психологиялық тренингтің өзара әрекеттесі және оқытушы мен оқушылар арасындағы үрдісінің нәтижесінде бірлескен пікірлестік танымдық іс-әрекет қалыптасатындығын С.М.Жақыпов көрсеткен [2,6.42]. Ғалым мұндағы қарым-қатынас құрылымының аса иілгіштігі мен динамикалығын тұлғалар ерекшелігімен байланыстырады. Тренингті оқытудың бір формасы, әдісі деп қарастырғанда, оның тиімділігін бірлескен пікірлестік, танымдық іс-әрекеттің қалыптасуымен анықталады. Тренинг басқа адамдарды терең түсінуге көмектеседі, өз бейнесін басқалар қалай көретіндігімен салыстыруға мүмкіндік береді, өз мүмкіндіктерін байқауға, өзіндік санасын жетілдіруге жағдай жасайды.

Тренинг терминін ғылыми пайдалануды кезінде Германия Демократиялық Республикасында М.Форверг енгізген. Ол алғашқы кезде оқытудың бұл формасын ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасты, балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты коррекциялауда пайдаланған [3,6.332].

К.Рудестам, И.Я.Шепард пікірлері бойынша топтың гомогенді (біртекті) болғанынан гетерогенді (эртекті) болуы аса тиімді болады. Тренинг теоре-

тиктері мен практиктерінің еңбектерін талдау барысында, басты тренингтік әдістерге топтық пікірталас пен рөлдік ойындар (Л.А.Петровская), вербальді емес өзара әрекеттесу – психофизикалық жаттығулар (Ю.Н.Емельянов), медиативтік және суггестивтік техникалар (И.В.Вачков) жататындығы белгілі болды.

Тренинг жеке адамға басқаларды, қоршаған ортаны тануға көмектеседі, оны түсінуге, ойдағыны айтуға, бөлісуге жағдай жасайды, әркімнің өзіне сенімділікті туғызады, ашық болуға, өз-өзін түсінуге, комплекстерден құтылуға, өзінің бойындағы қасиеттерді көруге мүмкіндік береді. Тренинг өз-өзінді бақылауға, байқағыштықты дамытуға қарым-қатынасқа, психоллинг-вистикалық үйренуге, дамуға жол ашады.

Тренингтің қандай модификациясы ұйымдастырылса да топтық жұмыстың бір қатар нақты принциптерін сақтау, топтағы қарым-қатынас негізінде оның әрбір мүшесінің дамып, кез-келген іс-әрекетін игеруіне өзіндік белсенділік таныту, топтың тұрақты болуы, топ мүшелерінің бір-біріне тиімді ықпалына арқа сүйеу, еркіндік пен субъективті эмоционалдыққа жағдай жасау талаптары басты шарт болады [4,б.125].

Сонымен жоғарыдан көріп отырғанымыздай, психотренингтер психология ғылымының әдіснамалық негізі болып табылатын ғылыми бағыттар мен мектептердің өзекті мәселелерін көздей отырып, әр түрлі мақсатта қолданыла алады екен.

Психотренингтерді білім беру үрдісінде қолдану неғұрлым тиімді нәтижеге ие болуы үшін қатысушының өзіндік қабілеттілігін көрсете білуіне ықпал ететін шарттар қатары қарастырылуы қажет. Оларды Р.В.Овчарова өз еңбегінде төмендегідей келтіреді:

I. Өзіндік диагностика:

- а) Өзі туралы нақты мәліметтер алу;
- б) Адам басқалардың көзімен қалай қабылданатындығын анықтау;
- в) Оның идеалды «Менінің» қаншалықты деңгейде дербес екендігін анықтау.

II. Диагностика:

- а) Өзіндік талдаудың дамуы ;
- б) Сезімдерді жіктей білу, өзін нақты және анық көрсете білу іскерлігін дамыту;
- в) Өзіндік «Менін» ашу тек басқалармен қарым-қатынаста ғана мүмкін болатынын сезіне білу.

III. Басқалардың бейнелеріне нұсқауды тексеру:

- а) Басқалардың бағытын түсіне білуді дамыту;
- б) Анықтау барысында вербальді емес формадағы сезімталдықты қалыптастыру;
- в) Басқаны тыңдай және түсіне білу іскерлігін дамыту;
- г) Психотерапиялық әсер ету.

Психотренинг топтарында оқыту бағдарламасы үш бөлімнен тұрады: 1) Қарым-қатынас мәселесі жайында кіріспе лекция. Қатысушылар топ психо-логиясы, қарым-қатынас психологиясының жалпы ұғымдары мен механизм

-дерімен танысады. 2) Жаттығу бөлімі. Сабақтың барысында әлеуметтік ақыл-ой мен коммуникативті іскерлікті дамытуға бағытталған жаттығулар жүйесі орындалады. 3) Жаттығу бөлімін талдау болып табылады [4].

Әлеуметтік-психологиялық тренингтерде топтық пікірталас тікелей қарым-қатынас үрдісінде әрбір топ мүшесінің көзқарасын, позициясын, бағыт-бағдарын анықтауға, зерттеуге мүмкіндік береді. Тренингтік топтық пікір-талас әркімнің мәселелерді жан-жақты анықтап, шешуге жағдай жасайды. Бұл құбылыс топтың бірлестігін және әрбір топ мүшесінің өзіндік ашылуын жеңілдетеді. Сонымен қатар, жабық қатығыстардың шешілуіне, әркімнің құрметке ие болуына топтық пікірталаста қол жеткізеді. М.В.Семилет тренинг барысында тақырыптық – топтың барлық мүшесіне ортақ пікірталас, биографиялық – өткен ситуацияларға бағытталған пікірталас, интеракциялық пікірталас – топ мүшелерінің өзара қатынастары мен мазмұны материал болатын пікірталас түрлері қарастырылады.

Тренингтік бағыттардың қайсысында болмасын аса маңызды орынды ойын әдістері алады, ол ситуациялық рөлдік, дидактикалық, шығармашылық, ұйымдастырушы-әрекеттік, имитациялық іскерлік ойындарды қамтиды. Ойын гуманистік, гештальт психологиясының теорияларының өкілдері психотерапевтік әдіс ретінде қолданады. Сол сияқты психодрама ойынға сүйенеді (Е.Бюерн). Трансактілі анализі ойын әдісін қамтиды. Тренингтердің жетістіктері, тиімділігі көптеген зерттеушілердің еңбектерінде ойын, психо-техникамен байланыстырылады.

Ойынның негізінде оқыту үрдісі интенсификацияланады, жаңа мінез-құлық дағдылары бекітіледі. Басқа адамдармен өзара әрекеттестіктің бұрын мүмкін болмайтын тәсілдері нәтижелі пайдаланады, коммуникативтік біліктіліктің вербальді және вербальді емес жақтары жаттығады. Ойын адам-ның шығармашылық деңгейін анықтауда, ашықтық пен адалдық көрсетуде тиімді әдіс. Бұлардың себебін, ойынның кез келген адамда балалық шақпен байланыстыратын психологиялық әсерінде деп байланыстыруға болады. Осыдан барып ойынның қандай түрі болмасын қуатты психотерапиялық, психокоррекциялық құрал болады. Ал, қазақтың ұлттық ойындарының бұған қоса С.Ұзақбаева, А.Айтпаева [5,б.155] сынды зерттеушілері атап, тренингтік топ ұйымдастырғанда басты психологиялық әсері бар әдіс – ойын екені даусыз екендігін көрсетеді. Сонымен қатар тренингте ойындар диагностика-лық, психокоррекциялық дамытушы құрал ретінде қолданылады.

Психотренингтерді топтық психологиялық түзету жұмысын жүзеге асыру тәсілі ретінде білім беру үрдісінде қолдану өте маңызды. Өйткені, әлеуметтік-психологиялық тренингтің мақсаты – әлеуметтік ақыл-ойды, кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас дағдыларын дамыту екендігі бізге мәлім. Мектеп жағдайында мұғалім мамандығы «Адам-адам» қатынасындағы мамандық болғандықтан, оның еңбек етуінің негізгі бағыты қарым-қатынас болып табылады. Ал қазіргі мектептердің нағыз тірелетін тұғыры педагогикалық қарым-қатынастың өзі. Демек, тренингтік топтардың әр түрлі саласында қарым-қатынас сферасына қажетті білім, біліктілікті және қабілетті дамытып,

оларға сәйкес коррекция жасайтын оқытудың бір формасы – әлеуметтік-психологиялық тренинг (ЭПТ) болып табылады.

1. Рудестам К. *Групповая психотерапия.* – СПб., 2000.
2. Джакупов С.М. *Психология познавательной деятельности.* - Алма-Ата: Изд-во КазГУ, 1992. -195 с.
3. Прутченков А.С. *Социально-психологический тренинг в школе.* – М.: Изд-во ЭКСМО- пресс, 2001.
4. Овчарова Р.В. *Справочная книга школьного психолога.* – М.: Просвещение, 1996.
5. Узакбаева С., Айтпаева А. *Казахские народные детские игры.* – Алматы: Рауан, 200. -171 с.

Резюме

В данной статье говорится об эффективности социально-психологических тренингов в процессе психологической коррекционной работы.

Summary

In this article talked about efficiency of the социально-психологических тренингов in the process of psychological correction work.

БЕЛГІЛІ ОРЫС ПСИХОЛОГЫ Н.Ф. ТАЛЫЗИНАНЫҢ ӨМІРІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕК ЖОЛЫ

М.А. Кусаннова, М.Г. Ишенгельдиева – г. Усть-Каменогорск

Талызина Нина Федоровна – 1923 жылы 28 желтоқсанда Ярославль облысы, Лучинский селосында дүниеге келген. 1939 жылы Сенчуговский толық емес (7 жылдық) орта мектепті бітіріп, сол жылы Ярославль педагогикалық училищесіне түседі (1939 ж.). Педагогикалық училищені үздік бітіріп, 5% үздіктер қатарында болып, К.Д.Ушинский атындағы Ярослав педагогика-лық институтының физика-математика факультетіне түседі (1942-1946 жж.). Профессор Т.Е.Егоров оқыған (Ғылыми Зерттеу Институты психология лабораториясының меңгерушісі АПН РСФСР) психологиялық курстан кейін, Талызинаны жасөспірімдер мен педагогикалық психология проблемалары қызықтыра бастайды. Профессор Т.Е.Егоровтың жетекшілігімен психология-лық үйірмелердің жұмыстарына қатысып, әскери жылдағы жеткіншектерді бақылау негізінде өзінің қызығушылығымен зерттеу жұмысын орындайды.

Физика-математика факультетін үздік (1943-1944 жж.) бағамен бітіріп, орта мектептің математика пәнінің оқытушысы деген біліктілікті алып шығады.

Педагогикалық институтты бітіргеннен кейін Н.Ф.Талызина Ярославль педагогика институтына педагогика және математика бойынша аспирантура-сына ұсынылады (педагогика мен физика-математика кабинеті бір болды, яғни педагогика кафедрасының жүктемесін орындады). Проф.Т.Е.Егоров Н.Ф.Талызинаға ҒЗИ (Ғылыми зерттеу институты) психологиясына АПН

РСФСР түсуіне ұсынды. Экзамендерден өтіп, проф. П.А.Шеваревтың жетекшілігімен жұмыс жасады. 1947-1950 жж. ҒЗИ-ң АПН СССР аспиранты болады. 1950 жылы (психология бойынша) педагогика ғылымдарының кандидаты атанады. 1950 жылы аспирантураны аяқтағаннан кейін, Б.М.Теп-ловтың ММУ (Мәскеу Мемлекеттік Университеті) факультетінің философия-лық психология бөліміне жұмысқа шақырылады.

1950 жылы оқытушы, 1952 жылы аға оқытушы, 1960-1963 жылдары философия-психологиялық факультет бөлімінің доценті, 1971 жылы психология факультетінің профессоры, 1997 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің еңбек сіңірген профессоры болады.

1952-1960 жылдары философия факультеті психология бөлімінің кафедра меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарады. 1963-1966 жж. педагогика кафедрасының меңгерушісі, 1966-1995 жж. педагогикалық психология және педагогика кафедрасының меңгерушісі, 1966 жылдан қазіргі кезге дейін 70 жылдары педагогикалық психология лабораториясында қайта құрылған ақпараттық оқыту лабораториясының меңгерушісі.

1989 жылдан қазіргі уақытқа дейін жоғары мектеп оқу үрдісінің негізіндегі педагогика-психологиялық облыстардағы ЖОО-ң жұмысшыларын қайта даярлау оқу орталығының деканы қызметін атқарады.

Мәскеу мемлекеттік университетіндегі оқу жұмыстары: жалпы курстар: «Жалпы психология», «Педагогикалық психология»; арнайы курстар: «Оқу теориясының әрекеттілігі», «Шет елдердегі оқу теориясы», «Ақыл-ой психодиагностикасына жаңа ібілістер», «Ақпараттық оқыту» және т.б.

Негізгі ғылыми әрекетке бағыты: проф. П.А.Шеваревтың жетекшілігімен кандидаттық диссертация орындалды. Зерттеу жұмысының психологиялық мәні: ойлау процесіне үнемі шабуыл жасайтын қысқартылған бақылаудан тұрады. Мұның негізінде қысқартылған ой қорытындысының 2 типі айқын-далды: а) толықтан құрылатын (жазылып қойылған) және де б) әуел бастан қысқартылған түрде қолданылу. Бірінші тип қажетті жағдайда жазылуы мүмкін, ал екіншісі, оның толыққанды еместігі айтылады.

Өзінің зерттеу жұмыстарын Н.Ф.Талызина П.Я.Гальпериннің жетекшілігі-мен бастайды, сонымен қатар, осы жолмен өзінің кейінгі барлық жылдарын-да жұмыс жасайды. Бұл зерттеу жолының негізі – мүмкіндіктерді пайдалану түсінігі мен ақыл-ой әрекетінің нақты басқару процесін меңгеруге мүмкіндік жасалуы болып табылады. Негізінде П.Я.Гальперин ілімнің қызметтік теория негізін құрды. Оны игеруге Н.Ф.Талызинаның өмірінің барлық жылдары арналды.

Бірінші цикл ғылыми ұғымдарды қалыптастыруға арналды. Ұғымдардың қалыптасуына құрал (механизм) ретінде қолданатын іс қимылдар қолданды. Меңгеру процесін басқару бұл процестің ерекше бір жаңа суретін алуға бағытталды. Бұрынғы зерттеулер ауытқулардың түрлеріне қарай (сыннан өтушілердің қателік түрлерін белгіледі) зерттеу процестерін жүргізді.

Айтылған зерттеулерде сыннан өтушілер басынан бастап (ауытқулар болмады) қатесіз жұмыстанды және бұл процестің психологиялық мінездеме

-лерінде ауытқулар емес, сапалық өзгерістер байқалды. Ең басында ұғымдар-дағы ақыл іс-әрекеттердің қалыптасуының ерекшеліктері белгіленді және зерттелді. Бұл зерттеулер ғылыми ұғымның жұмыс жасауына және меха-низмнің қалыптасуын ашуға рұқсат етті.

Кейінірек ақыл іс-қимылдарын зерттеуге өтуге мүмкіндік жасалды. Ол дәлелдеу сияқты логикалық операциялардың, соның ішінде – жүйелеу тағы с.с. жұмыстарды орындауды қамтамасыз етті. Тұжырымдағанда бұл зерттеу-лер ойды зерттейтін психологиялық және логикалық ұғымдарды түсінуге мүмкіндік берді.

Екінші цикл ұғымдарды қамтудың жас ерекшеліктерін мүмкіндіктерін зерттеуге бағытталды. Процесті басқару ұғымдарды түсінудегі шекараларын көбінесе төмендететіндігі белгілі болды.

Логикалық білім мен операциялардағы ақыл іс-қимылдарын қорытатын процесті меңгеру 5-6 жастағы балалардың нақты ұғымдарын қалыптастыруға мүмкіндік беретіні белгілі болды. Керісінше, логикалық ойдың қалыптасуы білімді ересек адамдардың салмақты кемістіктерінің болуына да әкеледі. Бұл зерттеулер логикалық ойдың даму сияқты критериясының негізсіз екенін көрсетті.

Алынған мәліметтер адам психологиясының әлеуметтік табиғатының тағы бір дәлелі болып табылады.

Зерттеудің **үшінші циклі** танымдық қызмет түрінің үшінші бетгеу негізі типіне арналған. П.Я.Гальперин мектебінде игерілген теоретикалық-эксперименталдық модельдеу әдісі көптеген адамның қолданып жүрген өнімді қызмет түрлерінің қалыптасуына жол ашады.

Зерттеудің **төртінші циклі** оқытуды басқарудың тағы бір түрі ретінде және жалпы басқару теориясының оқытудағы талаптарын орындау ерекшеліктерінің анализдерін қарастыруға арналған.

Бұл зерттеулер бағдарламалық оқытудың пайда болуына байланысты жүргізілді. Бұл жұмыстың нәтижесі мынадай болды:

1) Басқару процесінің спецификасын көрсететін, басқарудың жалпы теориялық талаптарының психологиялық теория іліміне сүйенбей жүзеге аспайтындығы;

2) Бағдарламалық оқытудың америкалық вариантына негізделіп құрылған қызметтік ілім теориясының бихевиоризммен салыстырғанда дәлелінің асып түсуінде;

3) Ілім процесін басқарудағы негізгі шешілмеген психологиялық проблема-ларды белгілейтін басқарудың жалпы теориясын қолданудың мүмкіндіктерін көрсету.

Бесінші цикл. Психологиялық механизмді жинақтау. Бұл зерттеулердің нәтижесінде мынадай заңдылық анықталды: Тек қана іс-қимыл негіздерінің мазмұнына кіретін қасиеттеріне қарай жинақталады. Бұл зерттеулер жинақ-таудың қызметтік механизмін ашты: заттардың жай жалпы қасиеттерін анықтамайтынын көрсетті, субъект қазметі құрылысының орнына байланыс-ты екенін көрсетті. Бұл зерттеулер жинақтау процесін басқаруға жол ашты,

қалыпты жинақтау психологиялық дамуы тоқталатын балаларда да қалыптасу болатынын ашып берді.

Алтыншы цикл. Ой-өріс психодиагностикасына қызметтік жол.

Ой-өріс дамуының стадиялық және функциональдық диагностикасына жаңа жолды игеру. Бұл жұмыстардың негізгі маңызы, шетелдік тестологияға өзіміздің психологиямыздың теориялық негізінен шығатын принциптері қарама-қарсы қойылған. Осы принциптердің негізіне қарай танымдық қызмет психодиагностикасындағы қызметтік жолды игеруге бағытталған экономика-лық зерттеу циклдары орындалды. Осы зерттеудің болып шетелдік тестілеу бағасының әдісі, олардың шындық анықтамасы және де оқушылардың тану қызметінің психодиагностикалық жаңа әдісі.

Жетінші цикл. Үлкендердің және әртүрлі жастағы оқушылардың логика-лық ой-өрісі ерекшеліктерін зерттеу.

Логикалық ойлаудың бірден қалыптасуы жоғарғы білімі бар ерексек адамдарда үлкен ауытқулықтар арқылы қалыптасатыны белгілі.

Ілімнің қызметтік теориясы жаңа дидактиканы салуға мүмкіндік беретінін Н.Ф.Талызина көрсетті: оқыту мақсаттары есеп тілінде суреттелді; оқыту мазмұны вариант соммасы ретінде емес, инвариант жүйе ретінде құрылады. Осындай білім мазмұнының құрылысы оның іргелі болуына әкеледі. Оқыту әдістерінің проблемалары жанаша шешімді, білім меңгеру басынан бастап оны қолдану арқылы шешіледі, бұл білімді меңгеруді қамтамасыз етумен бірге танымдық қасиеттерді қалыптастырады. Н.Ф.Талызина ой-өріс психодиагностикасына қызметтік негіздерін игерді.

1989 жылы Талызинаның бастамасымен Арнайы Орталық ашылды.

Онда оқыту мен қызметтілік теориясы негізінде әдіскерлер мен оқытушы-ларды қайта даярлықтан өткізу жүзеге асады. Осы жылдар ішінде басты назарда Чернобылдық зона болды. Қазіргі кезде 1000 астам мамандар қайта даярлықтан өтті. Орталықтың тыңдаушыларының көмегімен тілдерге, мате-матикаға, химияға және т.б. пәндерді оқытудың жаңа әдістері құрылды. Бұл әдістер жартылай жарық көрді және көпшілік оқытуда қолдануға болады. Бірақ, алынған нәтижелердің негізгі бөлігі қолданылмай жатыр, себебі бұл материалдарды басып шығаруға орталықтың қаражаты жок. Зерттеулер көрсеткендей, білім саласындағы бұл жетістік тек қана іргетас болып қана қоймай, оқыту мерзімін де қысқарта алады. Сірә, бұл жұмыс оқытуды жетіл-дірудің негізі болып қаланады.

70-ке жуық кандидаттарды, 5 ғылым докторларын дайындады, оның ішін-де тек қана Ресей азаматтары емес, басқа да елдердің азаматтары бар.

16 тілде 400-ге жуық ғылыми еңбектері басылып шықты, оның ішінде 10 монография, оқулық және оқу құралы. Оның ішінде «Бағдарламалық оқыту-дың теоретикалық проблемалары» (1969 ж).

1971 ж. тілші-мүшесі, 1989 ж. СССР педагогика ғылым академиясының академигі, 1992 ж. Бүкіл Ресейлік Білім Академиясының академигі.

1950 жылдан бастап Бүкіл Союздық, Ресейлік психологтар қоғамының мүшесі. 1980 ж. «Білім» («Знание») қоғамының мүшесі.

1971-1977 жж. СССР ЖАК эксперттік құрам мүшесі.

1970 жылдан қазіргі уақытқа дейін ММУ-гі (Мәскеу Мемлекеттік Университеті) педагогика және психология бойынша диссертациялық ЖАК кеңесінің мүшесі, диссертация кеңесінің төрағасы болып табылады.

70 жылдары Отандық және халықаралық «Советтік педагогика» («Совет-ская педагогика»), 1980 ж. «ММУ «Вестник». «Психология сериясы», 2001 ж. «ММУ Вестник. Педагогика сериясы», 70-80 жылдары Голландиядағы «Instructor Scence», 80-90 жылдары Испаниядағы «Бағалау және өлшеу» («Измерение и оценивание»), 70 жылдары «Жаңа жоғары мектеп» (Польша-дағы) журналдарының редакциялық ұжым мүшесі болады.

1970 жылы қажырлы еңбегі үшін, В.И.Лениннің туғанына 100 жыл құрме-тіне, 1986 жылы «еңбек ардагері», 1997 жылы Мәскеудің 850 жылдық естелі-гі үшін медальдармен марапатталған. 2001 жылы ғылыми еңбегі үшін II дәрежелі М.В.Ломоносов премиясының лауреаты, 1998 жылы РФ Президент премиясының лауреаты, 1988 жылы Халықтық білімге үлес қосқаны үшін, Кубин республикалық орденімен марапатталған.

1969 ж. Н.К.Крупская атындағы педагогикалық ғылым академиясының медалымен, 2001 жылы РФ Д.К.Ушинский атындағы Білім министрлігінің медалымен, 1973 жылы СССР арнайы орта және жоғары министрліктің «Жұмыстағы үздік жетістігі» үшін төс белгісімен марапатталған.

ВДНХ (1975, 1979 жж.) екі бронза медалымен марапатталған.

1984, 1988 жылдары Қоғамдық «Білім» («Знание») және де 1984 жылы Білім кеңейту ісіндегі активті лекция насихаттағаны үшін, Болгар қоғамының медалымен марапатталған.

2007 жылы РАО алтын медалымен марапатталған.

Н.Ф.Талызина ағымдағы барлық жылдарда өзінің кең халықаралық байланыстарға ие. Ол басқарған лабораториялар мен кафедра көптеген жыл-дар бойы Берлин университетімен, сонымен қатар Болгария, Куба Орталық-тарымен байланыста. Соңғы 10 жылдықта Мексикамен байланыстар жүріп жатыр.

Сонымен қатар, Бермен университетімен, Гамбургтегі «Проблемалы балаларға көмек көрсету» Орталығымен және де Қытай, Оңтүстік Кореядағы ЖОО мен байланыстар жүріп жатыр.

Н.Ф.Талызина әлемдегі әртүрлі мемлекеттерге лекция оқуға шығады. Лекцияларын Япония университетінде, Болгар, Мексикалық, Кубиндік, Фин-дік, Неміс, Испан университеттерінде оқыды.

Қоғамдық жұмыс.

ММУ орталық профком мүшесі, 50 жылдары ең бірінші ММУ профком ата-аналар университетін құрушысы және жетекшісі, 60-80 жж психология факультетінің әдістемелік кеңесінің төрағасы, 70 жылдары психология факультетінің КПСС портбюро хатшысы және т.б. қызмет атқарады. Қазіргі кезде психология факультетінің ақсақалдар кеңесінің мүшесі болып табы-лады.

Біздің психология іс-әрекеттік тәсілмен іске асырылу керек.

В.А.Артамонов

- Әрбір адамның ғылымда қайталанбайтын өз орны болады. Сіздің ғылым-дағы жолыңыз туралы айтып өтсеңіз? Не үшін психологияны тандадыңыз? «Ата-ана→Үй→Мектептік шақ→ЖОО→Мамандық тандау→Жұмыс» осы-лардың байланысын түсіндіріп өтсеңіз? *(Н.Я.Талызина жастық шағын айтып жатыр)*

Менің балалық шағым тіпті психологияның не екенін білмейтін, естімеген қарапайым шаруашылық отбасында өтті.

Әкем – Федор Константинович Талызин (1903 жылы туған) – коллективи-зацияға дейін шаруашылық еңбекпен айналысқан. Отбасында, шағын жер телімі мен сиыр, жылқы болатын. Коллективизациядан кейін барлық шаруа-шылық колхозға тапсырылды, бірақ та колхоздық шаруашылықта отбасымыз қатысқан жоқ. Әкем, қала маңындағы совхоз типті шаруашылықта бригадир болып жұмыс жасады.

Осы совхоздағы кішігірім дүкенде сатушы болып, одан кейін тері қойма-сында жұмыс жасап, сол жерден соғысқа кетті. Соғыстан келгеннен кейін, Қызыл белгі орденімен, медалымен марапатталды.

Анам – Мария Васильевна Талызина (1905 жылы туған) соғысқа дейін ол да шаруашылықпен, сонымен қатар үй еңбегімен айналысты. Соғысқа дейін отбасымызда 6 бала болды, мобилизациядан кейін сол жерде соғыстың барлық жылдарында жұмыс жасады. Әкемде, шешемде жартылай сауатты адамдар болатын. Анам тек қана өзінің тегін зорға жазатын.

Соғыстан кейін, 7-ші перзент дүниеге келді.

1947 жылы әкем біздерді (отбасымызды) тастап кетті. Барлық отбасының ауыртпалығы анам мен (мен үлкен қызы болғандықтан) маған түсті.

Менің тәрбиеме ағам Константин Константинович үлкен әсер етті. Ол мені 5-6 жас кезінде оқу мен жазуға үйретті. Балалардың ішіндегі мен ең үлкені болғандықтан, балаларды күтіп-бағу менің 6 жасымнан басталды. Кішкентай баланы бағып отырып, қолыма түскен барлық затты оқыдым. Село маңында сұрыптаушы Вигельдің жер меншігі болды. Төңкеріс кезінде оны атып, жерін тонып кеткен болатын. Бірақта, оның шатырында екі балалар журналының нөмері қалған болатын. Олар: «Задуманное слово» және «Детский отдых». Бірнеше журналы бар жәшігін ағам үйге алып келді. Бұл журналдарды шетінен барлығын оқып шықтым.

Басқа оқитын кітаптар боламады. Армиядан Михаил Федорович келді. Армиядағы үлгілі қызметі үшін, оны «Анти - Дюринг» және де екі томдық «Капитал» кітаптарымен марапаттаған болатын. Ағам кітап оқуды білетін, бірақта ол кітаптарды оқымады. Міне, мектепке бармай тұрып (мектепке оқу 8 жастан басталатын) «Анти - Дюрингті» оқыдым. Менің есімде қалғаны – сыртқы қабында Анти Дюринг деп, ал мәтінінде – Дюринг деп жазылған. Вигельдің үйінен ағам (К.К.Талызин) сонымен қатар, Байрон мен Гетенің бірнеше томдарын алып келді. Бұл, «Марс» баспасынан, терімен түптелген, керемет қағаз, қалың бетпен көркемделген, жоғары жағы жіңішке жұмсақ күңгірт қағазды кітап болатын. Бірақта, бұл кітаптап тез жоғалып кетті.

Жеті жылдың Сенчуговский мектебінде оқып жүргенде, мен үздік оқушы болатынымын, үнемі артта қалып қоятын оқушылармен жұмыс істейтін едім. Мен, осы село мектебінде мұғалімдерді үлкен құрметпен еске аламын. Бұл мектептегі біраз мұғалімдер ақылды, жақсы білімді адамдар болатын. Олар, тек оқушыларды оқытып қана қоймай, сонымен қатар оларға болашақтағы өмір жолына көмек көрсетуге көмектесуге тырысты. Математика пәнінің мұғалімі В.Н.Знаменский менің артта қалған оқушылармен жұмыстанғаным-ды жиі қадағалайтын. Сабақ кезінде, өз бетінше жұмыс болғанда, ол тапсыр-маны бұрын орындап болған оқушыларды қадағалап отыратын, тапсырманы ерте орындап болған оқушыларға қосымша тапсырма беретін. Есімде, маған қалың төңкеріске дейінгі кітаптан тапсырма берді. Орыс тіл мен әдебиетінің мұғалімі – Н.А.Лебедева және оның жолдасы тарих пәнінің оқытушысы Ф.Е.Ванюшин менімен өздерінің барлық өмірінде байланыста болды. Олар-дың балаларымен бүгінгі кезге дейін достығымыз сақталған.

Осы кезде менің ішкі әлемімнің қалыптасуына Б.Ф.Некрасовтың (ақын Н.А.Некрасовтың жиені) отбасы үлкен ықпал етті. Төңкеріске дейін Б.Ф.Некрасов (ақын Н.А.Некрасовтың үйінде) – Карабихеде тұрды. Төңкеріс-тен кейін олар, менің селомдағы ескі жартылай бұзылған етікшінің үйінде тұрды.

Еңбек майданында болдым. Еңбек майданынан оралғаннан кейін оқуымды әрі қарай жалғастырдым.

Педагогикалық училищені 1942 жылы үздік бағамен бітірдім. Училищені бітіргеннен кейін Ярославль педагогикалық институтының физика-матема-тика факультетіне түстім. Соғыстың қызып тұрған кезі. Ярославль бомбалау үстінде қалды.

Педагогикалық институтта оқытушылардың арасында Ленинградтан көші-рілген оқытушылар жұмыс жасады. Оқытушылар қатарын Мәскеудің инсти-тутынан келген оқытушылармен толықтырылды.

Психология курсы АПН РСФСР психологияның ҒЗИ проф.Т.Е.Егоров оқыды. Оның дәрісін студенттер сүйіп тыңдайтын. Сонымен қатар, ол психологиядан үйірме жүргізді. Мен үздік студент болғаныммен математикаға аса қатты қызығушылық болмады. Математикамен қатар психологиямен айналыстым. Т.Е.Егоровтың жетекшілігімен мен сол жылдары жасөспірім-дердің қызығушылығын бақылау үшін алғашқы эксперименттік жұмысымды жүргіздім. Психологияға деген қызығушылығым осы институтта пайда болды. студенттік шағымда қоғамдық жұмыстарға белсене араластым. Бірнеше жыл профкомның төрағасы, ВЛКСМ комитетінің мүшесі және де т.б. Материалдық жағдай қиын болды. 1 курста аязды күндері дәрістерді жіберуге тура келді, себебі, менің қысқы жылы киімдерім жоқ болды.Қысқы пальтоны мен өзіммен бірге жеке пәтерде тұратын мұғалімнен сұрап алатын-мын. Әсіресе, 1946 жылы ең қиын болды. ағзамның жүдегені соншалықты, емтихандарға қолыммен жарды ұстап, сүйеніп баратынымын. Институтты 1946 жылы үздік бағамен бітірдім. Институтты бітіргеннен кейі, аспиранту-раға 3 мамандық бойынша түсуге ұсынды. Олар: математика, педагогика

және психология. Мен психологияны таңдадым. Институтты аяқтағаннан кейін аспирантураға түсу емтихандарына дайындық басталды. Ағымдағы осы жылда пед.институтта педагогика кабинетінің меңгерушісі қызметін және де институттағы базалық мектепте психология курсын жүргіздім.

1947 жылы қыркүйекте АПН РСФСР психология НИИ-ң аспирантурасына түсу үшін конкурсқа қатыстым. Конкурс 5 адамдық орын болды. Сол бестік құрамына менде ендім, 3 емтиханды да «5»-ке тапсырдым. Мәскеулік өмір басталды. Н.А.Менчишкая басқарған «Психологияны оқыту» лаборатория-сында жұмыс жасадым. Ғылыми жетекшім проф. П.А.Шеварев болды. проф. Т.Е.Егоров мені аспирантураға шақырды. Ол маған жетекшілік ететіндігін айтты. Бірақ маған басқа пәндерден математика жақын болды, ал П.А.Шеварев бұл жұмыспен хабардар болатын, сондықтан да Т.Е.Егоров маған П.А.Шеваревпен бірге жұмыс жасауды ұсынды.

Диссертация тақырыбы: «Геометриялық тапсырмаларды шешудегі ой тұжырымы».

Аспирантурада оқып жүргенімде Б.М.Тепловтың жетекшілігімен жұмыс жасадым. Ол психологиялық семинардың жетекшісі болатын. Оқуымның соңғы жылдарында Б.М.Теплов мені ММУ жұмыс істеуге шақырды. Менің жолым болды.

Мәскеу университетінде мен оқытушы жолынан (1950 ж) педагогикалық психология және педагогика меңгерушісіне дейін көтерілдім (1966 ж).

Жұмысымның алғашқы күндерінен бастап Мәскеу университетіндегі студенттерге оқитын барлық курстарды тыңдауды шештім, мен әрине, мұны жасадым. А.Н.Леонтьевпен, П.Я.Гальпериннің дәрістерін көп тыңдадым. Осы күнге дейін психология тарихынан дәріс оқыған С.Л.Рубинштейн, М.Г.Ярошевскийдің, М.В.Соколовтың, жануарлар психологиясынан Н.Ладынина-Котс және т.б. дәрістері есімде әлі сақталған.

Менің студенттерім (оқушыларым емес) В.И.Лубовский, А.М.Матюшкин, Я.И.Анциферова, А.В.Бруменский, В.Ы.Зинченко, О.К.Тихомиров және де т.б. көптеген отандық психологтар болды. Мәскеу университетінде өзімнің алғашқы зерттеу жұмыстарды П.Я.Гальпериннің жетекшілігімен жұмыс жасадым.

Мәскеу мемлекеттік университетіндегі 50 жыл еңбек жолында мен өзімнің теориялық бағдарымды өзгерткен жоқпын: осы жылдардың бәрі де оқу мен оқыту қызметін теория тұрғысынан әзірлеуге арналды. Осы жылдар бойы тек қана менің емес, көптеген қызметкерлер, аспиранттар, дипломниктердің көптеген зерттеулері жүзеге асып, орындалды.

Бұл зерттеулерді бірнеше топтарға бөлуге болады: ілімнің психологиялық теориясы тұрғысынан қызметін әзірлеуге арналған теориялық және эксперименталдық зерттеулер. Дидактикалық жаңа негіздерінің психодиагностикалық ой-өрісінің жаңа тұрғыдан құруға бағытталған қолданбалы зерттеулер. Зерттеудің негізгі тобы оқу үрдісі кезіндегі жалпы басқару теориясын қолдану мүмкіндіктерімен байланысты. Соңында және оқытудың техникалық құралдарды қолданудың психологиялық негізі ретінде ілімнің қызметтік теориясы талданды.

Бір белгілісі, П.Я.Гальперин өзінің теориясын атаумен ақыл-ой әрекетінің қалыптасуының жоспарлы – деңгейлі теориясы деп атаған. Оған жаңа психикалық акттардың өз-өзінен болатын жағдайда емес, бұл процесті басқарылатын процесін зерттеу маңызды еді. Осы және бағдарламалық оқыту мен жалпы басқару теориясын зерделеуге әкелді. Сондықтан, адамдардың әрекеттерін бақылау ерекшеліктері туралы және де оның мысалы, психика-лық жүйеден айырмашылығы туралы сұрақ туындады. Осының бәрі арнайы мазмұндауды талап етеді. Бұл жерде мен негізгі бір сұраққа тоқталамын. Бұл психологиядағы заңдылықтарды меңгеру туралы сұрақ. Меңгеру процесін бақылау бұл процестің басқалай жүруіне әкеледі: ол ауытқушылықсыз жүреді. Бұл ең негізгі сәт, себебі тек қана ауытқушылықтардың түрлері емес, осы қалыптасатын құбылыстың сапалық өзгерістерін бақылауға мүмкіндік береді. Мысалы, әдебиетте заңдылықтар деп берілетін ауытқулықтардың түрлері суреттеледі. Және сол ауытқулықтардың түрлері заңдылықтар сияқты меңгеру процесі түрінің негізі болады. Меңгерілген қимылдағы, образдағы оң өзгерістер белгісіз болып қалады. Егерде, олар барлық қимыл-дарды дұрыс орындаса, психологтар әртүрлі адамдардың қимылдарындағы өзгешелікті байқамайды.

Осы ретте менің есіме Л.Толстойдың «Анна Каренина» романының басы есіме түседі: «Барлық бақытты жанұялар бір-біріне ұқсайды, барлық бақытсыздары өздерінше бақытсыз».

Ең данышпан Лев Толстойдың өзі жанұялық бақыттың сапалық ерекшелік-терін көрсетпеген. Егер оны көрсеткен жағдайда, бақытты жанұяның бір-біріне ұқсай бермейтінін анықтауға болатынын көруге болатын еді. Бақыттан ауытқулықтар ерекше көрінеді және олар әртүрлі болып келеді.

Сақталатын белгілі Пиаже феномені заңды деп есептеледі: олар бұл әлем балаларынан байқауға болады. Бірақ дұрыс бағдар қалыптастырып, заттар-дың әртүрлі қасиеттерін жекелесе – бұл феноменді біз байқамай қаламыз. Сондықтан оларды біз заңды деп есептеуге бола ма? Егер солай десек, онда мынаны қосу керек: меңгерудің кенеттен болатын процесі жағдайында. Сондықтан, 2 қатар заңдылықтардың бар екені белгілі: өз-өзінен болатын жағдайдағы және меңгеру процесін бақылау жағдайындағы. Дұрыс заңдылық деп екінші жағдайды есептеуге болады деп ойлаймын.

В.И.Артомонов:

- Сіз қызметтік тұрғыдағы теорияның өкілісіз. Айтыңызшы, оның қазіргі психологиялық ілімге, бүкіл қоғамға маңыздылығы қандай және ол Батыста дами ала ма?

Көптеген психологтар психология қызметін мақұлдайды. Бірақ функциона-листикалық психологияда өз алдына бір арал секілді оқшаулау болып келеді.

Әрине, ойлауды, эмоцияларды, түйсіктерді қызмет деп атауға болады, бірақ бұл бізді қызметтік психологияға әкеліп соқтырмайды, себебі, ешбір психологиялық әрекет өз алдына қимылды, қызметті қалыптастырмайды.

Қызметтік психология – бұл қызмет психологиясы емес, әрекеттердің психологиясы.

Кезінде, қайтыс боларынан 1-1,5 жыл бұрын мен бұл сұрақты А.Н.Леон-тьевке қойғанмын. Былай дедім: «Сіз болмасаңыз, басқа кім мұны айта алады? Ол ойланып, былай деп жауап берді: сіз әлбетте дұрыс айтып тұрсыз, бірақ бұл үшін көп нәрсе істеу керек».

Ол өз жұмысын аяқтап үлгермеді. Ол әлі өзінің орындаушыларын күтуде. Осының жауабын, біздің ойымызша, П.Я.Гальперин тапқан сияқты, ол ілім-нің қызметтік теориясының негізін салды.

Айта кететін нәрсе, П.Я.Гальпериннің өзі өзінің теориясын қызметтік деп атамады және де сол ілім теориясына жұмыстанбай, пәннің проблемасына және психологиялық ғылымның тәсіліне еңбектенді. Алайда, тек қана П.Я.Гальперин меңгеру процесін сипаттаудан қызметтікке өтті.

П.Я.Гальпериннің архив құжатының бірінде былай делінген: этаптық қалыптасу тұманды түріндегі техникалық процестермен емес, нақты пәндік әрекетпен (қимылмен), оның бастапқы формадағы қалыптасуымен, келесі түрлерге өзгерулеріне рұқсат етті.

Қызметтік тұрғыдан атап өткенде психика мен қызметтің өзара тығыз байланысын бұл басты принципке назар аударуға қажет етеді. Бұл принцип С.Л.Рубинштейн қалыптастырғаны белгілі.

Ол қызметті психология пәні ретінде қарастырудан бас тартқаннан кейінде, әрбір психолог, өзінің не істеу керектігін, тек қана психиканы зерде-леу керек дей отырып, С.Л.Рубинштейн көрсетілген қағиданы (принципті) қайталап, жалғастыра береді. Ол көптеген жазбаларында психика қызметте қана қалыптасады және ерекшелінеді деді. Бірақ бұл принциптің дәлелін Н.А.Леонтьев тапты.

Психиканың даму процесінің зерттеулері А.Н.Леонтьевті келесі қорытын-дыға әкеледі:

1) Ол басынан бастап, тірі заттар, мінез-құлқының сигналдық функция атқаратынын;

2) Психика дамуының келесі процестері өмір талаптарына сай, мінез-құлықпен қызметтік қиындыққа байланысты екенін. Психика қызмет жүйесі-не оның элементі ретінде кіреді. Қазіргі кезде анықталған. Қызмет жүйе болып табылады. Осыған байланысты осы жүйенің элементі ретінде психика жүйенің біртұтас болып түсіндіріледі.

А.Н.Леонтьев кейін, психика тек қана сыртқы практикалық қызмет ретінде емес, өз алдына қызмет түрін құрауға да болатынын көрсетті. Бұл жерде сыртқы материалдық қызмет бірінші болып табылады. Ішкі, психикалық, біріншінің өзгеру процесі кезінде құрылысы мен функционалдық пішінін сақтап, пайда болады. Бұл қызметтің 2 түрі өзінің құрылысы жағынан бір, форма жағынан қарама-қарсы.

Айтылған бойынша, біздер қызмет жүйесінен жұлып алып, кейбір психологиялық функционалды өз алдына зерделей алмаймыз. Біздер олардың қызметпен байланысын сақтауымыз керек. Осыған орай бірлік, талдау (анализ, зерттеу) туралы сұрақ пайда болды. ол функционалистикалық бола алмайды, бірлік талдау қызметтік барлық ерекшеліктерін сақтайтын, соның

ішінде оның жүйелік құрылымын сол жүйенің элементтерінің психикалық қызметінде болатын, бірлік талдау қызметтік болуы керек. Мұндай бірлік белгілеуі: іс-әрекет іс-әрекет (қимыл).

Іс-әрекет қызметінің өзіндік ерекшеліктерін жай күйінде сақтайды, соның ішінде – жүйелік құрылысында. С.Л.Рубинштейн қызметті сипаттай келе, былай деп жазды: «клетка» деген не, онда барлық психика элементтерінің біртұтастығының негізін табуға болады.

Бұл жүйелік ғылыми барыстың бағыты сияқты жұмыстың жоқ кезінде жазылған. Қазіргі кезде қимылдың құрылысы жақсы белгілі болады, бұған міндетті түрде қызмет пән ретінде, қызметтің мақсат ы мен себебі, қызметтің бағдар негізі және операциялары кіреді. Өзара тығыз байланыстағы элемент-тер біртұтастықты құрайды, яғни жүйелі. Іс-қимыл функционалдық деңгейде қызмет сияқты бағдарлық, орындаушылық, бақылау және коррекциялық бөлімдерден тұрады.

Іс-қимылдық функционалдық бөлімдерімен құрылымдық элементтерін зерттей келе іс-қимылдың ішіндегі барлық психикалық функцияларды табамыз.

Қызметтік тұрғыдан қолдану мүлде басқа психологиялық ғылымның жүйелілігін болжамдайды. Бұл жүйеліліктің негізіне қызмет кіру керек. Іс-қимылдың әртүрлі аспектілері оларды жіктеу үшін негіз ретінде қолдануы керек. Сонда біз психология функциясының орнына қызмет психологиясын ала аламыз.

Өзіндік қызметтік жүріс баяғыдан зерттеу практикасына енді. Мысалы қызмет сияқты емес, есте сақтау іс-қимылының, сақталуының, айтылуы мәліметтерін аламыз. Бұл іс-қимылдың әр бірін зерттеген кезде көрсетілгені, олар тек қана ақыл функциясын ғана емес, басқа да түйсік, ойлау, ерік, эмоцияда кіреді.

Психологиялық іс-әрекеттердің әр түрлі байланысы мынаған әкелді: психологтар көбінесе бір функцияның ерекшеліктерін басқарып сипаттама беру үшін қолданылады. Мысалы, зерденің көлемі түйсіктің көлемімен сипатталады: түйсік ойлаумен және т.б.

Қызметтік жол іс-қимыл жүйеден «жұлып» алуын белгілемейді және оны осылай жекелеген түрде зерттейді.

Психологиялық функция тұрғысынан нағыз білім тек қана оның әртүрлі қызмет түріндегі орны мен рөлін зерттегенде ғана белгілі болады.

Психологиядағы функционализммен күрес ерте басталғаны белгілі, бірақ оны осы күнге дейін меңгеру мүмкін болмады. Қызметтік жол осы мүмкін-дікті ашады. Бұл жолдағы жеміс беретіндігі ілімнің теория тұрғысынан істелген жұмыстар бізге нақты сенімдік береді.

Қызметтік теорияның аяқталуына көп уақыт бар екеніне қарамастан, онда шешілмеген көптеген сұрақтардың іске аспаған проблемалардың бар екендігі белгілі. Оның білім практикасында жоғары нәтиже бере алады.

Психологияның басқа да бөлімдерін қызметтік тұрғыдан жаңалаудың кезі келді. Ең бірінші: кезекте бұл жалпы психологияда маңызды.

Психологияның қызметтік тұрғысының келешегіне мен сенімдімін.

П.Я.Гальперин XX ғасырдың 50 жылдарындағы бастаған қызметтік теория ілімінің нәтижелі екені белгілі болды. 80 жылдарға қарай бұл теория ілім мен оқытудың психологиялық негізі ретінде айтарлықтай игереді. Осы уақытқа дейін оқытудың практикасы түрінде білімнің әр түрлі деңгейінде (мектепке дейінгі, мектептік, кәсіптік) тексерілді. Жоғары нәтижені оқытудың сапасы-мен қоса оқытудың уақыты да көрсетті.

Бұл теория келешек білімнің негізін қарайтыны белгілі болды. Біріншіден, ол зерттелетін материалдардың көлемін бірден қысқартады; көптеген варианттарды туғызатын инварианттар зерттеледі, дәстүрлі оқыту мазмұнын құрайтын көптеген варианттардың орнына. Мысалы, орыс тіліндегі 250 пунктуациондық ережелер 3 инварианттық ережемен ауыстырылады. Бұл 3 жаңа ереже 6-7 сыныпқа дейін толық пунктуациялық білімін көтереді. Екіншіден, мұндай жаңаша мазмұн енгізу нәтижесінде оқыту нақтылы қысқарады. Нәтижесінде, оқушылардың материалдарды зерделеу кезінде тек қана құбылыстың бір ерекшелігіне емес, оны туындататын негізіне бағдарлаған-дықтан, дамыта оқытудың нәтижесі көбейеді.

Мұндай бағдар берудің түрі жүзеге асырылатындығы оқушылардың инвариантпен жұмыс жасау методы мүмкіндігінде. Айта кететін жағдай, танымдық қызмет белгісіз болып қалады. Осындай қызмет түрін құру – негізгі зерттеу мақсаты.

Қызықтыратын қызметті табу үшін бұл қарастырылып отырған ілім теориясында теоретикалық-эксперименталдық модельдеу әдісі қолданады. Осы қолданады. Осы әдіс арқылы оқушыларды қалыптасатын қызметтің ең тиімді түрлерін табуға болады.

Көрсетілген теория тек қана оқыту мазмұны емес, оның технологиясын да өзгертуге мүмкіндік береді: қорыту процесінің негізін білім енетін процесс құрайды: оқыту процесі ешқандай жаттаусыз жүреді – бұл білім мен дағды-ның меңгертпей, басқа да әдістерді меңгеруге мүмкіндік береді. Дағдының қалыптасуымен білім алу біртұтас процесс ретінде жүреді.

Мұны оқыту практикасына енгізу XX ғасырдың 60 жылдарынан басталды. Математиканы бастауыш курста жаңаша оқу әдісі бастауыш сыныпта математикаға дайындықты мектепке қарағанда 1 жыл аз уақыт жіберуге болатын-дығын көрсетті. Әрі оқушыларда көбірек білім алады, дәстүрлі оқытуға қарағанда, әрі сыныптар қалатындар да жоқ.

Жаңа әдісті қолдану бойынша әскери дайындық кадрларды дайындау бойынша үлкен жұмыстар атқарылды. 70 жылдары «Әскери жаршысы» журналында осы жұмысының нәтижесіне арналған бетшеде хабарланатын. Тәжірибе көрсеткендей, жаңа оқыту технологиясы оқыту мерзімін 30 %-ға дейін қысқартып, әрі оқыту сапасын өсіруге мүмкіндік береді.

Осы 70 жылдары осы жаңа оқыту әдісі білімді жаңа деңгейге көтеруге болатындығын дәлелдеді. Бірақ білімнің бұл жаңа түріне өту үшін міндетті түрде жұмысты 2 бағытта жүргізу керек:

- 1) Оқытушылармен әдіскерлерді қайта дайындықтан өткізу;

2) Инварианттық негізде оқулықтар мен оқыту бағдарламаларды құру.

80 жылдардың соңында біздер осы жұмысқа көшу үшін жоғары білім министрлігіне үндеу салдық. Бұл сұрақ Министрліктің орынбасары Ф.И.Перегудов деңгейінде шешілді. Жұмыстың және зерттеудің нәтижесімен танысқаннан кейін Мәскеу мемлекеттік университетінің психология факультетінде СССР жоғарғы мектеп оқытушыларын қайтадан дайындықтан өткізе-тін оқу орталығын ашу туралы шешім қабылдады (21.07.88 ж. 221 СССР мемлекеттік білімінің бұйрығы).

Орталықтан штаттық кестесіне сәйкес бұл жұмыс 5 оқытушыны (4 профес-сор, 1 доцент) инженердің, аға лаборанттың, лабораторияның және әдіскер-дің (0,5 ставка) жұмысымен жүзеге асты.

Мәскеу университетінде бұл орталық 1989 жылы (қазан айында) ашылып, тыңдаушылар қабылданды, оқу түрі тегін болды. Бұл орталықтың деканы мен болып тағайындалдым.

Жұмыстың алғашқы жылдарында оқу түрі 1 жылдық болатын. Тыңдау-шылар өздерінің диплом жұмыстарымен жұмыстану барысында оны тек өңдеп қана қоймай, сонымен қатар өз жұмыстарын тәжірибеде, іс жүзінде тексеру керек болды. Сондықтан да, осындай қысқа мерзімдік оқыту түрі жеткіліксіз болды.

Осыған байланысты 1993 жылы орталық 2 жылдық оқу түріне ауысты. Екінші жыл диплом жұмыстарын өңдеумен және де эксперименталдық зерттеу жұмыстарына арналды.

Қазіргі кезде Орталық РФ Білім министрлігіне бағынады.

Бірнеше жыл бұрын Орталықтың филиалы Мәскеу облысындағы Егорьевск қаласында да болды. Станкина филиалын аяқтайтын студенттер педагогика-психологиялық дайындық алып шығатын. Оқу түрі 1 курстық болды.

Ағымдағы барлық жылда Орталыққа Мәскеулік топ тыңдаушылары жиналады.

15 жылдық жұмыс ішінде Орталықтан 1000 астам тыңдаушылар дайын-дықтан өтіп, диплом алып шықты.

Негізгі мынаны атап өткен жөн: Орталықтағы бітірушілер қатары диплом қорғағаннан кейін өздерінің зерттеу жұмыстарын, ізденуші ретінде жалғас-тырады. 10-ға жуық адам кандидаттық диссертация қорғады.

Резюме

В данной статье представлена автобиография и научные достижения русского психолога Н.Ф.Талзиной.

Summary

An autobiography and scientific achievements of the Russian psychologist are N.F.Talizina presented in this article.

СОЦИОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ СУИЦИДАЛЬНОГО ПОВЕДЕНИЯ ЛИЧНОСТИ

А.З. Бисенова – канд.политол.н., преподаватель кафедры социально-гуманитарных дисциплин КазНПУ им. Абая

В настоящие дни глубокие противоречия переходной к рыночным отношениям эпохи, угрожающие человеку своеобразное падение прежних ценностей и трудный процесс становления новых – все это способствует росту уровня асоциального или девиантного поведения личности (преступности, алкоголизма, наркомании и др.), особенно самоубийств.

По данным ВОЗ (Всемирной организации здравоохранения) в мире ежегодно в результате самоубийств умирает около пяти тысяч человек и совершается около семи миллионов попыток.

В Республике Казахстан пик уровня самоубийств в расчете на 100 тыс. человек населения в 2011 году составил 25,7% от общего числа смертности, что в 3,2 раза выше уровня самоубийств в 2005 году /1/.

Кризисные явления в функционировании семейно-брачного института, обусловленные общей политической и экономической нестабильностью в стране – большое число разводов, рост семей, не справляющихся с воспитанием детей, а также неблагополучных семей, являются детерминирующим началом возникновения отклоняющегося поведения (суицидов) в стране. Также нарушение эмоциональных связей между членами семьи, утрата семейных традиций, семейных ценностей, отсутствие «психологического убежища» в семье приводят к тому, что личность испытывает чувство одиночества, ощущение ненужности, бессмысленности своей жизни.

Самоубийства существуют с момента появления человечества, и описываются по-разному в разное время. Суицидальное поведение, как понятие емкое, изучается в определенных аспектах различными науками – социологией, медициной, криминологией, философией, психологией и др.

До недавнего времени самоубийства рассматривались, в основном, с медицинской точки зрения, так как все объяснения причинности самоубийства сводились к расстройствам психики. Этим объясняется определенное отставание от зарубежных исследователей изучения суицидов и суицидального поведения отечественной школы психологии. Заметим, однако, что социальная защищенность человека равно, как и большой объем исследовательских работ, посвященных самоубийству, не спасает мир от добровольного ухода из него. Напротив, в мире с каждым годом отмечается все больший рост самоубийств. Современные суицидологические исследования свидетельствуют о том, что психическая патология наблюдается у 20-30% лиц, совершающих суицид, остальные являются практически здоровыми людьми /2/.

Классическим примером эмпирического исследования социологической теории самоубийств явилась монография Э.Дюркгейма «Самоубийство» (1911).

Э.Дюркгейм отвергал объяснения самоубийства в ракурсе индивидуаль-ных психологических мотивов и утверждал в качестве объясняющих факто-ров сугубо социальные причины: «самоубийство является именно одной из тех форм, в которых передается коллективная болезнь, и они помогут нам добраться до ее сути» /3/.

Согласно его теории, процент самоубийств является функцией нескольких социальных переменных: религиозных, семейных, политических, националь-ных и т.д. Он отбрасывает такие несоциальные факторы, как психооргани-ческое предрасположение индивидов (психопатическое состояние, расовый и наследственный факторы), физическое окружение (климат, время года, время дня) и подражание. Количество самоубийств среди представителей тех или иных этнических групп зависит «не от крови, которая течет в их жилах, а от цивилизации, в кругу которой они воспитаны» /3/. Утверждая, что «мы предохранены от самоубийства лишь в той мере, в которой мы социализиро-ваны», Э.Дюркгейм рассматривал значение таких факторов, как бездетность, разводы и ослабление семейной дисциплины в качестве пагубно действующих на человека, в особенности, на мужчин.

Э. Дюркгейм считал, что женщины менее подвержены самоубийству в случае развода, поскольку их страсти ограничены их естественной биологи-ческой организацией. В то же время современные статистические данные говорят о том, что процент суицидентов среди разведенных женщин выше, чем среди мужчин.

Как указывалось выше, Э.Дюркгейм исключал «космические факторы» самоубийств. В качестве примера он рассмотрел случай переноса столицы Италии в 1870 году в центр страны, при котором климатические условия остались прежними, но «научное, артистическое, экономическое движения переместились в том же направлении. Самоубийства последовали за ними».

Э.Дюркгейм предложил четыре вида самоубийств: эгоистическое, альтруи-стическое, аномическое и фаталистическое.

Первый из них обуславливается отдалением индивида от общества, перес-тающего влиять на него регулирующим образом. Если разрываются узы, соединяющие человека с жизнью, то это происходит потому, что ослаб-ляется связь его с обществом. Разрыв социальных связей, отсутствие коллек-тивной поддержки, состояние разобщенности порождают чувство одиночест-ва, опустошенности, ощущение трагизма существования и т.п.

Второй вид самоубийств существует, в основном, в архаических обществах и происходит тогда, когда личные интересы совершенно поглощены социальными, когда интеграция в группе становится настолько велика, что индивид перестает существовать как самостоятельная единица (древние обычаи самоубийства стариков и больных, самосожжение жен после смерти мужей, самоубийства рабов после смерти хозяина и т.п.).

Третий вид – аномический. Он встречается тогда, когда в обществе наступают крупные изменения, например, экономические кризисы, во время которых индивид теряет способность приспосабливаться к социальным преобра

-зованиям и новым социальным требованиям и вследствие этого теряет связь с обществом. «В момент общественной дезорганизации, будет ли она происходить в силу болезненного кризиса или, наоборот, в период благоприятных, но слишком внезапных социальных преобразований, общество оказывается временно не способным проявлять нужное воздействие на человека, и в этом мы находим объяснение резких повышений кривой самоубийств» /3, с. 335/.

К этому виду самоубийств можно, видимо, отнести случаи самоубийств в нашей стране.

И четвертый вид самоубийств, выведенный Дюркгеймом, – это фаталистический, являющийся противоположностью аномического вида. Он возможен в результате усиленного контроля со стороны группы, имеющей тенденцию быть сильной и постоянной, и поэтому становящегося невыносимым. «Его совершают люди, будущее которых безжалостно ограничено дисциплиной».
Стресске тұрақтылық дегеніміз – жұмысшыға кәсіби іс-әрекеттің ерекше-ліктеріне байланысты туындайтын интеллектуалдық, еріктік және эмоциялық жүктемелерді өз денсаулығына, жұмысына және қоршаған ортасына жағым-сыз салдарын тигізбей көтере алуға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттердің жиынтығы /1/.

Қазіргі уақытта осы мәселе бойынша жұмыстардың көптігіне қарамастан стресске тұрақтылықтың мәнін түсіндіруде айқындық жоқ. Көптеген авторлар бұл түсінікті эмоциялық тұрақтылық ұғымының синонимі ретінде қарастырады. М.И. Дьяченко және Я. Рейковский эмоциялық тұрақтылық қасиетін темперамент сипатымен, адамның реактивтілігімен, эмоциялық бастан кешірулерімен байланыстырады. Басқа авторлар (В.А. Маришук, Е.А. Милерян) эмоциялық тұрақтылықты тұлғаның еріктік сипаттарымен байланыстырып, оны жұмыс кезінде пайда болатын эмоцияларды басқара алу деп анықтайды. М.И. Дьяченко және К.Изард эмоциялық тұрақтылықты эмоциялық процесс-тің динамикалық (қарқындылық, икемділік, өзгергіштік) және мазмұндық (эмоция түрлері) сипаттарымен себептеледі деп санайды. П.Б. Зильберман эмоциялық тұрақтылықты күрделі жағдайларда мақсатқа жетудің табысты жолын көрсететін тұлғаның эмоциялық, еріктік, интеллектуалдық және мотивациялық қасиеттерінің интеграциясы деп қарастырады /2/. Сонымен қорыта келе, эмоциялық тұрақтылықты мотивациялық, эмоциялық, еріктік және интеллектуалдық компоненттердің бірлігі ретінде қарастыруға болады.

Мақаламызды кәсіби іс-әрекет барысындағы эмоционалдық стресстің психологиялық табиғатымен байланыстырсақ. Кәсіби іс-әрекетпен байланыс-ты стрессті суреттеу үшін түрлі ұғымдар қолданылады: «жұмыстағы стресс», «кәсіби стресс» және «ұйымдық стресс».

"Жұмыстағы стресс" ("job stress, stress at work") жұмысқа байланысты

себептерге – жұмыс жағдайы, жұмыс орнына байланысты туындайды. Бұл факторлар объективті себептерге де (жағымсыз климат, керекті техниканың болмауы, демалыссыз күнделікті жұмыс, кезекшілік) байланысты болуы мүмкін.

"Кәсіби стресс" ("occupational stress") – кәсіпке байланысты, кәсіптің түрі-не байланысты кездесетін стресс. Көптеген кәсіп түрлері белгілі бір стрессор-лармен байланысты болады, мысалы, медициналық қызмет, әскери қызмет, төтенше жағдайдағы қызметтер.

"Ұйымдық стресс" ("organizational stress") – субъектіге ұйымның жағымсыз әсер етуіне байланысты стресс түрі. Жағымсыз психологиялық климат, жұмыстың дұрыс бөлінбеуі, дұрыс жолға қойылмаған жұмыс ұйымдық стрессті тудырады /3/.

Кәсіби стресстің пайда болу процесін қарастыратын концептуалды бағыт-тарды талдау нәтижесінде 3 негізгі бағытты бөліп көрсетуге болады: эколого-гиялық, транзактілі және регуляторлық.

Экологиялық бағытта (А.Марселл, П.Варр және т.б.) стресс индивидтің қоршаған ортамен әрекеттесу нәтижесі ретінде қарастырылады. Кәсіби стресс жұмыс ортасы мен тұлғаның индивидуалды ресурстарының арасында сәйкес келмеушілік болған кезде пайда болады деп түсіндіріледі

Транзактілік бағыт (Р.Лазарус, Т.Кокс және т.б.) стрессті қиындаған жағдайға деген адамның индивидуалды-икемделген реакциясы деп қарасты-рады. Р.Лазарус бұл бағытта өзінің когнитивті моделін ұсынды, яғни стресс динамикасына әсер ететін индивидуалды-психологиялық факторларды қарас-тырды. Стресстік реакция дегеніміз әр адамның нақты жағдайда өзіне қойған талабының нәтижесі деп қарастырылады. Осы негізде көптеген транзактілік модельдер жасалынды, мысалы Т.Кокстың кәсіби стресс моделі, мұнда стресс басталуы жұмысшының мотивімен, ұстанымымен өзара әрекетте талданады.

Регуляторлық бағытта (Д.Бродбент, Р.Хокки, А.Б. Леонова және т.б.) кәсіби стресс қиын жағдайлардағы іс-әрекетті реттеу механизмдерін қалыптастыру нәтижесінде пайда болатын күй ретінде қарастырылады. Стресс кезінде саналы түрдегі регуляция эмоциялық мобилизация мен зейін-нің қосымша ресурстарын іске қосу арқылы жүзеге асады /4/.

Қазіргі уақытта көптеген мамандар қауіпті жағдайлармен, экстремалды ситуациялармен байланысты стрессогендік факторлары бар орталарда жұмыстар атқарады. Мұндай кәсіп түрлеріне космонавттар, ұшқыштар, әскери қызметкерлер, өрт сөндірушілер, құтқарушылар, құқық қорғау қызметкерлері және т.б. жатады.

Психологиялық әдебиеттерде экстремалды жағдайлар деп күш-қуаттың толық мобилизациясын талап ететін әдеттегі жағдайдың өзгеруімен сипатта-латын жағдайларды қарастырады. Оптималды жағдайда адамның өз міндетін тиімді атқаруына мүмкіндік беретін психикалық ширығу мен жұмысқа деген қабілетті сақтап қалу үшін организмнің қорларын шығаруды талап ететін нервтік-психикалық артық жүктемені ажырата білу керек. «Артық жүктеме»

түсінігі әр түрлі түсіндіруге ие: сыртқы жағдайлардың ұзаққа созылған жағымсыз әсері немесе субъективті түрде қабылданған жағдай ретінде қарастырылады.

Кәсіптің экстремалдылығын анықтайтын факторларға мына жағдайлар жатады:

1) Атқарылатын жұмыстың қауіптілігіне, кенеттен пайда болуына, қиын-дығына, жауапкершілігіне, уақыт тығыздығына байланысты болатын түрлі эмоциогенді әсерлер. Жаңа орындар, күтпеген жағдайлар тікелей қауіп жоқ болған күнде де адамның ерік-жігеріне, қабылдауына және есте сақтауына әсер етеді. Кәсіби іс-әрекеті қауіп-қатерге толы жұмысшылар үнемі тез әрекет етуге деген дайындықта жүреді. Бұл дайындық сезімін А.А.Ухтомский «оперативті тыныштық» деп атаған.

Қазіргі уақыттағы нашақорлық контрабандасымен, террористік әрекеттер-мен, заңсыз миграциямен байланысты қылмыс түрлері артып келеді, бұл еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін факторлар болып табылады. Бұл факторлармен күресетін ұлттық қауіпсіздік ұйымдарының қызметкерлері жұмыс барысында көптеген эмоциогенді факторлар арқылы туындап отыра-тын стресстерді бастан кешіріп жатады.

2) Түнгі уақытта жұмыс істеу. Мұндай жұмыс түріне түнгі кезекшілік кездесетін жұмыс тәртібі өзгеріп тұратын (медицина қызметкерлері, милиция-оңерлер, диспетчер) жұмыстар жатады, еңбектің табиғи биоритмі бұзылып, адамның бейімделу қабілеті төмендейді.

3) Паника күйінің дамуы. Экстремалды жағдайдың бір мысалы паника болып табылады. Паника дегеніміз гипертрофирленген үрей күйі, ол кезде адам мінез-құлқы басқаруға, реттеуге келмейді, кейде толығымен адам өзін-өзі ұстай алмай қалады.

4) Өте жауапты ақыл-ой қызметі кезіндегі психикалық ширығудың артуы.

5) Күштің, шыдамдылықтың және шапшаңдықтың аса ширығу кезіндегі жоғарғы физикалық жүктемелер.

6) Гипокинезия жағдайында жұмыс істеу (қозғалыстың шектелуі). Ұзақ сапардағы жүргізушілер, ұшқыштар қызметі осындай жағдайлармен байланысты /5/.


Бұл факторлар жекелеп емес барлығы бірдей әсер етуі мүмкін. Кәсіби іс-әрекет барысындағы стресс жағдайлары эмоциялық торығуға алып келуі мүмкін. Эмоционалдық торығу дегеніміз бұл белгілі бір психологиялық зақым келтіретін әсерлерге жауап ретінде, эмоцияның толық немесе ішінара жойылуы түрінде көрінетін, тұлғаның көрсететін психологиялық қорғаныс механизмі. Эмоционалдық торығу эмоционалдық, көбінесе кәсіби мінез-құлықтың жүре пайда болған таптаурынын көрсетеді. «Торығу» кәсіби іс-әрекеттерді атқаруда теріс әсер берген кезінде, оның әрекетсіздік салдары да пайда болуы ықтимал.

Психологиялық дайындықтың басты міндеті қызметкерлерде жақын ара-лықта және болашақта кездесетін әрекеттер моделінің психикалық бейнесін қалыптастыру және бекіту болып табылады. Бұл бейнелердің болашақ

жағдайға максималды сәйкес келуі қызметкерлердің белгісіздік ситуациясына аз түсуінің және тез арада бағдарлануының кепілі болып табылады. Қызметкерлердің тұлғалық және кәсіби қасиеттерін арттыра отырып, стресске деген психологиялық дайындығын қалыптастыру мақсатқа бағыт-талған әсер ету түрі болып табылады. Психологиялық дайындық нәтижесінде түрлі ситуацияларда әрекет ету дағдылары мен жаңа ортаға бейімделу қасиеті арта түседі. Мысалы, әскери қызметкерлер күрес жағдайындағы қиындық-тарды жеңуге бағдарланады, оларға батылдық, қайраттылық, өз әрекетінің дұрыстығына деген сенімділік сезімдері бекітіледі, мотивациялық ұстаным-дары белсендендіріледі. Өзіндік құралдары мен әдістері (аутотренинг, күрес ситуациясын елестететү және оған бейімделу, психокоррекция және психо-реабилитация және т.б.) бар қажетті арнайы және психологиялық қасиеттерді қалыптастыруға және дамытуға арналған міндеттердің түрлері өте көп.

Әлеуметтік қатынастар адам өмірінде өте маңызды рөл атқарып, психоло-гиялық қалыптың жақсы болуына әсер етеді. Топтық әлеуметтік қолдау стресс жағдайында тұрақтылықты қалыптастырып, адамның өзіндік актуали-зациясын арттырады. Стресске қарсы тұрақтылықты қалыптастыру және тұлғаның стресстік күйін коррекциялаудың әлеуметтік психологиялық техно-логиясын ескере отырып, оны қолдану үлгісін ұсынуға болады /6/.

Таблица 1.



Стресске тұрақтылықты қалыптастыру моделі

Бұл модельде стресске тұрақтылықты қалыптастыру технологиясының тұлғаға бағдарланған, суггестивтік-эмоциялық, денеге бағдарланған және когнитивтік модельдері әлеуметтік психологиялық тренингтер блогында жүзеге асырылған. Модельді жүзеге асыру қарқынды топтық қарым-қатынас процесінде белсенді психологиялық әсердің түрі ретінде тренингтер көмегі-мен стресске тұрақтылықты қалыптастыруға бағытталған. Тренингтердің

негізгі түрлеріне: топ мүшелерінің әлеуметтік позициясын белсендендіру, олардың мотивациялық сферасының құрылымын өзгерту және гармониясын арттыру, жағымсыз күйлерін коррекциялау, сонымен қоса, әлеуметтік перцепцияны дамыту, стресс кезіндегі проблемаларды шешудің нақты тәсіл-дері мен әдістерін меңгеру жатады.

Күнделікті өмірде болып жататын жағымды және жағымсыз жағдайлар біздің бейімделу процесімізге тікелей әсерін тигізіп отырады. Осыған орай адам баласы әрдайым болып жатқан жағдайларды қабылдай алуы керек. Шынайы өмірді дұрыс қабылдауға, стресске қарсы тұруға және адамның жай ғана өзін бақытты сезінуіне мүмкіндік тудыратын ережелер.

Өмір шындығын сол қалпында қабылдаңыз. Өмірде болып жатқан жағдайларды күрделендірмеңіз және асыра сілтемеңіз. Айналаңыздағылар-дың іс-әрекетінен жамандық іздемеңіз. Біздің әрқайсымыздың да бақытты өмір жайлы өз арманымыз бар. Бірақ та шынайы өмір біздің армандары-мызды толықтай жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Адамдар бұған әр қалай қарайды. Біреулері жағдайды сол қалпында қабылдайды. Екіншілері өздері-нің орындалмаған армандарына көне алмайды, өмірді бір бітпейтін қиындық-тар, бақытсыздықтар және сәтсіздіктер деп қабылдайды. Мұндай адамдарың күйзелісі – аффект жағдайына әкеледі.

Өзіңізге бақытсыздықты алдын-ала болжамаңыз. Кейбір адамдар өздері-нің үнемі құрбан ретінде, “жолы болмайтын” адам ретінде сезінеді. Егер де сәтсіздіктен үнемі қорқып оны күтетін болса, онда сол адамда сәтсіздіктер жиі кездесуі мүмкін. Кейбір адамдарға өмірде өзін құрбан ету рөлі әдетке айналып кетеді, кейбір жағдайларда ол сезім оларды қанағаттандырады. Бұндай адамдар (шын мәнісінде) инфантильді (жеке тұлғалық дамуда қатарынан қалып қойғандар), өзін-өзі бағалауы төмен, өмірге деген қызығу-шылығы жоғалғандығымен ерекшеленеді.

Өзіңізді сүйіңіз (бағалаңыз). Көп адамдар өзін-өзі сүю, мақтау мәдениет-тілікке жатпайды деп есептейді. Шындығында бұл дұрыс түсінік емес. Өзінді-өзі мақтау – өзіңнің жұмысыңның нәтижесіне қанағаттану, бұл жағымды көңіл-күйді тудырады және күшіңе сенімділік береді. Өзінді сүю – бұл үлкен өнер:

- Өзіңіздің қандай да бір жақсы жасаған қылығыңызды есіңізге түсіріп көріңіз.

- Сол үшін өзіңізді мақтаңыз.

- Осы жақсы қылығыңызды жасауға көмектескен өзіңіздің жағымды қасиеттеріңізді атаңыз.

- Осы қасиеттеріңіз үшін өзіңізді тағы да бір мақтаңыз.

- Өзіңіз жайлы тек қана жақсы нәрселер ойлаңыз.

- Жалпы алғанда өзіңізге махаббатпен қараңыз.

Стресстің алдын-алу негізінде келесі негізгі жолдар жатыр:

- Біріншіден, жеке өмірге деген рационалды қатынас, оның белсенді құры-луы. Р.Л. Кричевскийдің ойынша өмірге рационалды қатынаста болу қағида-сына келесілерді жатқызуға болады: біздің мүмкіндіктерімізге сай келетін

өмірлік мақсат қоюымыз керек және соған жетуге тырысуымыз керек. Бұл қағида біздің бағдарымыздың динамикалылығын талап етеді.

- Басты мәселені қосымшадан ажырата алу. Бұл қағида өмірдің негізгі, басым жолын табуға бағдарлайды. Оқиғаның әсер ету өлшемін біліп, соған сәйкес өзіміздің мүмкіндігімізді бағалай білуіміз керек. Қағиданы елемей тек күшті босқа шашуға ғана емес, сондай-ақ дистресске алып келеді. Г.Селье мынадай кеңес береді: “қандай да болсын өмірлік ситуацияға соқтығыссаң да алдымен – күресуге тұрады ма, жоқ па соны ойлау керек.”
- Мәселеге түрлі жақтан қарау. Бұл жерде пайда болған мәселені көруде көп жоспарлы болу, оған түрлі бағытта қарай алу қабілеті, адамдар мен оқиғаларды бағалауда икемді бағыттың қажеттілігі туралы сөз болып отыр. Француз ойшылы Монтень айтуынша: “Адам не болып жатырғандығынан емес, болып жатқанды қалай бағалайтындығынан зардап шегеді”. Бұл принцип стресс объективизациясын жүзеге асыруды талап етеді яғни, бастапқыда не нәрсе катастрофалық немесе трагедиялы болып көрінді, соны объективті бағалау.
- Өзін күтпеген оқиғаларға алдын-ала дайындау. Шынайылыққа реалды қарауды үйрене отырып, біз керек емес иллюзиялардан құтыламыз, осылайша, жағымсыз жаңалықтарға дайындаламыз. Болып жатқан оқиғаны шынайы бағалау, пайда болған мәселені ақылмен қабылдау және шешу.
- Жан-жағымыздағы адамдарды түсінуге тырысу. Басқаларды дұрыс түсіну, олардың мінез-құлқының мотивін түсіну, олардың ішкі әлеміне ену, мінез-құлықтың икемді жолын таңдауға, керек емес қатығысулардан құтылуға, өзін психологиялық жайлылықтың бірнеше деңгейімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- Болып жатқан оқиғалар сабағынан жағымды тәжірибені игере алу. Кез келген меңгерілген тәжірибе, адамдарды және жағдайларды бағалауда біздің мүмкіндігімізді кеңейтеді, сонымен қатар өмірлік бейімделуді арттырады.
- Толық өмір сүру. Біздің өміріміздің күрделілігіне қарамастан, жай тіршілік ету емес, өмір сүру керек, әр бір күн және әр бір сағатта өмір сүру қажет /7/.

Әлеуметтік-саяси дағдарыстар, қоғамдық-экономикалық өзгерістер, әлеу-меттік реформалар күшті стрессогенді факторлар болып табылады. Оның әсері кешенді ғылыми зерттеуді, оның ішінде психологиялық зерттеулерді талап етеді. Қызметкерлердің психикалық саулығын сақтау мамандармен жұмыстың маңызды бөлігі болып табылады. Стресс дегеніміз адамның эмоциялық сабырлығы мен тепе-теңдігін бұзатын төтенше жағдайларға ағза-ның жауап әрекеті. Бұл жұмыста стресс туралы психологиялық көзқарастар, адамның қобалжуға, ширығуға деген реакциясы және онымен күресе алу қабілеті талқыланды, кәсіби іс-әрекет барысында кездесетін стресске тұрақ-тылықты қалыптастыру жолдары қарастырылды. Қорыта келе стресске тұрақтылықты кәсіби іс-әрекеттің ерекшеліктеріне байланысты туындайтын интеллектуалдық, еріктік және эмоциялық жүктемелерді адамның өз денсаулығына, жұмысына және қоршаған ортасына жағымсыз салдарын тигізбей

көтере алуға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы деп айтуға болады. Стресске тұрақтылықтың жоғарғы деңгейде болуы (интеллектуал-дық, еріктік және эмоциялық) маманның кәсіби маңызды қасиеттеріне жатады. Стресс факторы тікелей жұмыс жағдайына байланысты: экстремал-ды жағдайлар, жоғарғы жауапкершілік, шешім қабылдаудағы уақыттың тығыздығы және т.б. немесе қызметкердің өзінің тұлғалық ерекшелігіне байланысты болуы мүмкін. Қызметкердің психологиялық артық жүктемелер-ге деген икемделуі оның алға қойылған міндетін тиімді шешуге дайындығын көрсетеді.

Стресске тұрақтылық – өзіндік реттеуді және тұлғааралық әрекеттесу үйлесімділігін арттыруға бағытталған жаттығулар (психотренинг) арқылы дамытуға болатын қасиет.

Қорыта айтқанда, бұл жұмыста стресс құбылысы мен ұғымы қарастырылды. Сонымен қатар стресстің кәсіби іс-әрекет барысында пайда болу себептеріне, оның көрінуіне әсер ететін факторларына және стресске тұрақ-тылыққа ықпал ететін факторларына талдау жасалды. Кәсіби іс-әрекеттегі стресстің негізгі себептері көрсетіліп, ұйымдастырушылық деңгейде стресс-тің алдын алу шаралары келтірілді.

1. Китаев-Смык Л.А. *Психология стресса*. –М.: Наука, 1988.
2. *Стресс жизни: Сборник. / Составители: Л.М. Попова, И.В. Соколов. (О.Грегор. Как противостоять стрессу. Г.Селье. Стресс без болезней.)*. –СПб.: ТОО “Лейла”, 1994.
3. Куликов Л.В., Розанова М.А. *Социальные и социально-психологические аспекты стрессоустойчивости личности // Теоретические и прикладные вопросы психологии / Ред. А.А. Крылов. Вып.1, Ч.2*. –СПб., 2004.
4. Радугин А.А. *"Основы менеджмента"*. –М., 1997.
5. Тригрянян Р.А. *Стресс и его значение для организма*. –М.: Наука, 1988.
6. Dowd E.T., Rugle L.G. *Comparative Theatments of Substance Abuse*. – New York: Springer, 1997.
7. Игуманов С.А. *Управление стрессом: современные психологические и медикаментозные подходы*. - СПб.: Речь, 2007. – 217 с.

Резюме

В данной статье рассматривается социально-психологическая подготовка как основной фактор формирования стрессоустойчивости

Summary

Socially-psychological preparation as basic factor of forming of стрессоустойчивости is examined in this article.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛАУ

А.Аяпбергенова –

*Абай атындағы ҚазҰПУ Магистратура және PhD докторантура
институтының 2-курс докторанты*

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Кез-келген қоғамда білім беру саясаты өмірлік ұстанымдарды, сұраныстарды, қажеттіліктерді ескеріп, білім беру мазмұны соған сәйкес құрылғанда ғана ұтымды, тиімді, өнімді болады. Қазіргі адамзат баласы бастан кешіріп отырған тез арадағы өзгермелілік, ғаламдану, коммуникация-лық құралдардың қарқынды даму дәуірі өмір салтын, қарым-қатынас пен ойлауды өзгертуге әкелді. Ал мұның өзі игіліктерге қол жеткізудің жаңаша әдіс-тәсілдерін ашуға мүмкіндіктер береді. Мұндай жағдай адам интеллекті-сін, оның қабілетін қайта жасаушы, жасампаздық әрекеттерге бағыттайды. Ендеше жеке тұлға өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүруге бейімделіп қана қоймай, шынайы өмірге белсенді ықпал ете алатын, өмірді жақсартуға, кемелдендіруге атсалысатын тұлға болуы тиіс. Қазірде біздің қоғам үшін көкейкесті мәселе – бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру» - деп көрсеткен /1/.

Заман талабына сай болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіру мақсатында жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнын жаңғырту қажеттілігі нақтылана түсуде. Осыған байланысты қазіргі кездегі оқытушылар мен студенттердің, магистранттардың педагогикалық қарым-қатынасын қалыптастыру, олардың педагогикалық қарым-қатынасқа психологиялық даярлығы мәселелерін зерттеу – әлеуметтік-психологиялық және мәдени дағдарыспен қатар көтерілген өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Педагогикалық қарым-қатынасты білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген ұстаздар қауымының мәдени сауатты-лығы ретінде қарастыруға болады. Қарым-қатынас – білім мен мәдениеттің бір бөлігі, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттың дүниетанымы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы. Ұлттық құндылықтарға негізделген педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті магистранттардың саналы көзқара-сын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, рухани-адамгершілік құндылықта-рының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Қазақ жазушылары М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов және т.б. еңбектерінде педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті жөніндегі маңызды пікірлері көрініс тапқан. Ал қарым-қатынастың психологиялық мүмкіншілігі жайлы пікірлерді Қ.Б. Жарықбаев, Ә.Алдамұратов және т.б. зерттеген /2/.

Білім беру субъектілері, оның ішінде педагогикалық мамандыққа болашақ мамандардың психологиялық даярлығы мәдениеттану, философия, педагогика-

ка ғылымдарында және әсіресе қазіргі кездегі психология ғылымында да өзіне үлкен назар аудартуда. Білім беру іс-әрекетінің, яғни, өзіне оның екіжақты өзара байланысын - педагогикалық және оқу формаларын қамтитын педагогикалық іс-әрекет субъектілерінің, әсіресе магистранттардың педагогикалық қарым-қатынас орнатуға психологиялық даярлығын психологиялық тұрғыда талдау – психологиялық және нақты педагогикалық міндеттер арнасында жатыр.

Жалпы педагогикалық сөздік бойынша субъект – басқа адамдарда және өзінде өзгеруді қамтамасыз ететін, заттық-тәжірибелік белсенділік пен танымды тасымалдаушы. Адамның субъектілігі оның өмір іс-әрекетінде, қарым-қатынасында, өзіндік санасында көрінеді.

Бұл жерде сөз болып отырған дәстүрлі «оқытушы-студент», «студент-мұғалім» және қазіргі кезде «магистрант-оқытушы» субъектілер қарым-қатынасы өзгеше сипатқа ие болып отыр. Оқытушы мен магистранттың педагогикалық қарым-қатынас мәселесі дәл қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық зерттеу нысанына айналууда. Бұл мәселені шешудің басты жолы психологиялық кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының қабырғасында ескерілуі тиіс. Сондықтан студенттер мен магистранттардың педагогикалық қарым-қатынас дағдылары мен икемділігін қалыптастыру, яғни, магистранттардың педагогикалық қарым-қатынас кезіндегі әртүрлі жағдайларға бейімделуі, тез меңгеру қабілеттеріне ие болуы, магистранттар-мен жағымды қарым-қатынас позициясын құруға ұмтылу, мотивациясы мен білімін заманның талабына сай жетілдіру аса маңызды болып табылады. Білім беру үрдісіне қатысатын субъектілердің әрқайсысының өзіндік міндет-тері мен құқықтары бар. Оқытушының міндеті – оқыту технологиясын ірік-тей отырып, студенттердің, магистранттардың білімге құштарлығын ояту, өзіндік икемділіктерін ашу, шығармашылықпен айналысуын ұйымдастыру негізінде білім беру сапасын көтеру. Студенттер мен магистранттардың міндеті – оқуға, сабаққа кешікпей келу, тәртіп ережелерін сақтау, білім беру үрдісі мен білім мазмұнына қойылатын талаптарды орындау және т.б. құқықтары бар.

Оқытушының әлеуметтік тұлға бейнесінің қалыптасуы педагогикалық қарым-қатынас мәселесіне келіп тіреледі. Жеке адамның әлеуметтенуі өзінің қоғамына тиесілі өзара қатынастар, кәсіби әлеуметтік талаптарға байланысты болады. Демек, педагогикалық қарым-қатынас – студенттің, магистранттың тұлға ретінде жетілуіне пайдасын тигізетін құбылыстардың бірі, яғни, қарым-қатынас барысында өзге тұлғаларды қабылдап, олардың сөйлеу мәдениетіне бейімделеді /3/.

Педагогикалық қарым-қатынас орнату барысында магистранттардың қоғамдық рухани және материалдық құндылығы қалыптасады, жеке тұлға-лық ерекшелігін көрсетеді, өзі үздіксіз қарым-қатынаста болатын қоғамға енеді. Коммуникация әрбір адамның әрекет барысындағы субъектісіне айналады, табиғат пен дүниені таниды, олармен қарым-қатынасын дамытады.

Қазіргі қоғам өмірінің өзгерістеріне орай педагогикалық қарым-қатынас

механизмдері, оны жетілдіру амалдары қызығушылық туғызып, зерттеудің қарқынды саласына айналуға. Болашақ педагог мамандардың барлық қадір-қасиеті білім беру үрдісіндегі басқа да субъектілермен қалай қарым-қатынас жасағанынан байқалып тұрады. Оның ой-өрісі, бағыт-бағдары, білімді меңге-руі, есте сақтауы, эмоциясы мен қызуқандылығы қарым-қатынас жасау барысында көрініс береді. Адамның қарым-қатынасына ұлттық ерекшеліктерінің әсері де зор. Олардың психологиялық, педагогикалық алғышарттарын ашу педагогикалық қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Педагогикалық қарым-қатынастың кәсіби маңызды қасиеттері болып, төмендегілер саналады:

1) адамдарға және олармен жұмыс жасауға ықыласпен қарау, қарым-қатынас жасай алу және оны қажет ету, көпшілдік, коммуникативтік қасиеттер;

2) эмоционалдық эмпатия және адамдарды түсіне алу қабілеті;

3) қарым-қатынастың ауыспалы жағдайларында шапшаң және дұрыс бейімделуді, қарым-қатынас жағдайына, магистранттардың жеке ерекшеліктеріне байланысты сөзбен әсер етуді жылдам өзгерте алуын, қамтамасыз ететін оперативтік-шығармашылық ойлау, икемділік;

4) қарым-қатынаста кері байланысты сақтай алу және сезіне білу;

5) өзін-өзі қолда ұстай алу, өзінің психикалық жағдайын, өз тәнін, даусын, мимикасын басқара алу, өзінің көңіл-күйіне, ойларына, сезімдеріне ие болу, бұлшықет қысымдарын түсіре алу;

6) аяқасты (дайындықсыз) коммуникацияға қабілеттілік;

7) болуы мүмкін педагогикалық жағдайларды, өз ықпалының нәтижелерін болжай білу;

8) жағымды вербалды қабілеттер: мәдениет, тілдің дамығандығы, лексикалық қоры мол, тіл құралдарын дұрыс таңдау;

9) педагогтың өмірлік, табиғи күйзелістер жиынтығын білдіретін және талап етілетін бағытта магистранттарға әсер ете алатын тиісті педагогикалық күйзелістердің өнерін меңгеру;

10) педагогикалық тапқырлыққа деген қабілеті, әсер етудің алуан түрлі құралдарын қолдана білу (әсер етудің түрлі тәсілдерін, «тетіктерін» және «құрылғыларын» қолдану арқылы сендіру, иландыру, еліктіру).

Педагогикалық қызметте осы аталған педагогикалық қарым-қатынастың кәсіби маңызды қасиеттері магистранттармен жақсы меңгерілген жағдайда, қазіргі заман талаптарына сәйкес білім беру үрдісіне жүктелген көптеген міндеттер шешімін табатыны сөзсіз, ең алдымен білікті педагог мамандар саны көбейетін еді.

Қазіргі жоғары оқу орындарында оқытушылардың рөлі артып және де студенттерге, магистранттарға психологиялық, педагогикалық әсер ету арқылы кеңейіп келеді. Оқытушы білім мен ақпараттың бағыттаушысы болып қана қоймай, сонымен қатар ол педагог, психолог, психотерапевт болуы керек. Бұған оның педагогикалық қызметінің жетістігі мен беделі тәуелді. Оқытушының беделі – оқу-тәрбиелеу үрдісінің жетістігіне әсер ететін ұжым-

дастар, магистранттар, студенттер және өзара қатынас барысында білінетін, ұйымдағы оның кәсіби, психологиялық, тұлғалық сипаттамасы. Оқытушының беделі – оның білімділігіне, адамгершілігіне байланысты болып келеді. Қазіргі таңда болашақ педагог мамандарға оқытушының жеке тұлғасы, оның ашық, қайталанбас дербестігі тәрбиеленуші және психотерапевт ретіндегі беделі әсер етеді /4,5/.

Сонымен, білім алуға деген қызығушылық пен жаңаны білуге деген талпыныс адамға ғана тән. Оны байқау және дамыту оңай жұмыс емес. Егер оқытушы студентпен, магистрантпен дұрыс педагогикалық қарым-қатынас орната алмаса, қызықтыра алмаса, оның болашақ мамандығына деген қызығушылығы төмендей береді. Ал егер жоғары оқу орындарының педагог мамандары өз жұмыстарын қазіргі білім беру жүйесіне қойылатын талаптар-ға сәйкес құрып, болашақ педагог мамандарын яғни магистранттарды педагогикалық қарым-қатынасқа психологиялық даярлауға барынша көңіл бөліп, психология ғылымының педагогикалық қарым-қатынасқа қатысты мәселелерін толық қамтып, оның қыр-сырын меңгертетін болса, білім беру субъектілерінің жұмыс нәтижелері сапалы болуы әбден мүмкін.

Педагог мамандар тек өзінің коммуникативтік шеберлігін дамытып қана қоймай, студенттер мен магистранттарға педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін үйретулері қажет. Оқытушыға олардың психологиялық ерекше-ліктерін білгенімен қатар, қазіргі жастардың құндылық бағдары мен әлеумет-тену ерекшеліктеріне байланысты мәліметтерді үнемі есепке алып отырған-дары жөн. Әлеуметтанушылар да буын ауысуының өсу қарқынына назар аудартады. Бүгін буын ауысуы (әлеуметтену, құндылық бағдар) әрбір бес жылда жүріп отырады. Осы орайда бірінші курс студенттері және бітіруші курс студенттері әртүрлі буындарды құрайды. Біздің еліміздегі әлеуметтік және экономикалық өзгерістер динамикасымен және жалпы әлемдік қоғам-дастықтың даму қарқынымен байланысты олардың көзқарастары бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді.

Жоғарыда айтылғандармен байланысты қазіргі кезде педагогикалық қарым-қатынастың жетістікке жетуі немесе, керісінше, сәтсіздікке ұшырауы педагогтың жеке тұлғасына байланысты болып келеді.

Педагогтың жеке тұлғасына қойылатын ең басты міндеттердің бірі бала-ларға, білім алушыларға, педагогикалық іс-әрекетке деген сүйіспеншілік және білім беретін саласы бойынша арнайы білімінің болуы. Кең білімді, педагогикалық сезгіштік, жоғары жетілген интеллект, мәдениет мен адамгер-шіліктің жоғары деңгейі, білім беру мен тәрбие берудің түрлі әдістерін меңгеру – осы аталған қасиеттердің барлығы педагогтың бойына туа бітпей-ді, ол педагогтың өз-өзімен талмай еңбек етуінің нәтижесінде пайда болатын қасиеттер. Тағы да қосымша, алайда тұрақты талаптар ретінде коммуника-тивтілік, әртістік қабілеттері, жағымды талғампаздық, тартымды сырт келбеті және т.б. саналады. Педагогтың осы аталған негізгі және қосалқы қасиеттері бірігіп келіп, оның дара тұлғасын құрайды. Соның нәтижесінде әрбір жеке мұғалім теңдессіз тұлғаға айналады.

Педагогикалық мамандықтағы магистранттардың психологиялық даярлығына байланысты қойылатын талаптар:

1. мұғалімге оқу материалын түсінікті жеткізуге, оқытудың әдіс-тәсілдері мен мазмұнын табысты түрде іріктеуге мүмкіндік беретін, *дидактикалық қабілеттер*;

2. материалды білім алушыларға тиімді жеткізудің ең жақсы эмоционал-дық формасын табуға мүмкіндік беретін *экспрессивтік қабілеттер*;

3. педагогтың психологиялық байқампаздығын, оның оқушылардың ішкі жан дүниесіне ене білу қасиетін білдіретін *перцептивтік қабілеттер*;

4. *ұйымдастырушылық қабілеттер* – сыныптағы немесе аудиториядағы тәртіпті қамтамасыз етуге және сабақтағы әрбір сәтті тиімді пайдалануға мүмкіндік береді;

5. *өктемшілдік қабілеттер* – қатты эмоционалдық әсер беру мен илан-дыру арқылы білім алушылардың арасында беделге ие болуды білдіреді;

6. *академиялық қабілеттер* – тиісті бір ғылым саласы бойынша білім, білік, дағдыларды меңгеру.

Сонымен қатар, педагогикалық мамандықты меңгерудің арнайы педагогикалық қабілеттеріне педагогикалық әдеп те жатады.

Педагогикалық әдеп – кез келген жағдайларда балалармен жұмыс істеудің мейлінше дұрыс тәсілдерін таба білу болғандықтан, ол «тактика» деген сөзбен білдірілетін ұғымға жақындайды. Педагогикалық әдеп, егер оның мәніне қысқаша анықтама беруге тырысып көрсек, үш нәрсені қамтиді: мұғалімнің терең түсінігін, сезімтал қарым-қатынас орната білу, ілтипатты-лық, сыпайылық көрсету, оқушыларға тіл қатқанда дұрыс дауыс ырғағын таба білу, оларға ақылға сиымды талаптар қоя білу, балалардың бойындағы адамдық қадір-қасиеттерді құрметтей білу. Мінез-құлықтың икемділігі, жұмыс жағдайларына бейімделе білу қабілеті, дұрыс педагогикалық қарым-қатынас орната білу – педагогикалық әдептің бар екендігінің көрсеткіші болып табылады /6/.

Осыған орай қалың жұртшылықтың мұғалімнің жеке басына, оның тек кәсіби сапасына ғана емес, сонымен бірге адамгершілік қасиетіне, дайындығына, оның моральдық бет-бейнесіне ден қойып, көңіл аударуы тіпті де тегін емес.

Түптеп келгенде, қоғам мұғалімге ерекше жауапкершілік жүктейді. Мұғалімге үйретуге адам ең көнгіш кезінде сеніп тапсырылады. Мұғалім баланың, білімін, икемділігін, әдетін, мұратын және өмірлік тағдыры тұр.

Себебі, ең бастысы, мұғалімнің әдептілігі білім алушылармен дұрыс педагогикалық қарым-қатынас орнату арқылы өскелең ұрпақты заман талабына сай тәрбиелеуге және білім беруге мүмкіндік береді. Педагогтың әдептілігі оның педагогикалық мамандыққа жоғары моральдық тұрғысынан психологиялық даярлығының көрсеткіші болып табылады.

1. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. -2012.*

2. Мәмбетов М. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті //Қазақстан мектебі, 2008, №12.
3. Рубинштейн С.А. Проблемы общей психологии. –М.: Педагогика, 1976. -140 с.
4. Kelman H.C., Hamilton V.L. Grimes of obedience: Toward a social psychology of authority and responsibility. – N.Y., 2000.
5. Мұхамеджанова Ә. Оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасын басқару //Білім. №10 - 2006. -18 б.
6. Жігітбекова Б.Д. Психологиялық жаттығулар жинағы. –Алматы, 2007

Резюме

В статье говорится о психологической подготовке будущих специалистов-педагогов к педагогическому общению через развитие культуры общения.

Summary

In the article talked about psychological preparation of future specialists-teachers to pedagogical communication through development of culture of communication.

О СТРУКТУРНЫХ АСПЕКТАХ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ МАГИСТРАНТОВ

Е.Р. Нуртаев –

Институт магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая

Новая система образования обусловила новые требования, предъявляемые к обучению специалиста с целью получения конкурентоспособных знаний на рынке труда, и одно из направлений – освоение магистерской программы. Поскольку степень бакалавра – также высшее образование, полученное обучаемыми за четыре года, у многих студентов возникает вопрос о целесообразности продолжения образования в магистратуре в течении двух лет, дающей возможность заниматься научной и преподавательской деятельностью. Не все выпускники вузов планируют работать в данном направлении, поэтому наблюдается отток выпускников из вузов после четырех-летнего обучения. Так же не развита практика поступления непосредственно в магистратуру специалистов, защитивших диплом до введения ступеней высшего образования, т.к. для них такое образование будет платным, поскольку считается вторым высшим. Кроме того, лица, уже обучающиеся в магистратуре, имеют сомнения в целесообразности получения степени магистра, с учетом перспективных трудностей трудоустройства. Считается, что не имеет смысла продолжать обучение в магистратуре, т.к. и бакалавриат – тоже высшее образование, и для основной массы работодателей, предлагающих рабочие места выпускникам вузов, не играет роли образовательная степень. В этой связи возникает проблема мотивации учебной деятельности магистрантов.

Понимаемая как источник активности и одновременно как система побудителей любой деятельности мотивация изучается в самых разных аспектах,

в силу чего понятие трактуется авторами по-разному. Например, многие исследователи определяют мотивацию как:

- один конкретный мотив;
- как единую систему мотивов;
- как особую сферу, включающую в себя потребности, мотивы, цели, интересы в их сложном переплетении и взаимодействии.

Как известно, в общей психологии виды мотивов (мотивации) поведения (деятельности) разграничиваются по разным основаниям, например, в зависимости:

1. от характера участия в деятельности (понимаемые, известные и реально действующие мотивы, по А.Н. Леонтьеву);
2. от времени (протяженности) обусловливания деятельности (далекая – короткая мотивация, по Б.Ф. Ломову);
3. от социальной значимости (социальные – узколичностные, по П.М. Якоб-сону);
4. от факта включенности в саму деятельность или находящихся вне ее (широкие социальные мотивы и узколичностные мотивы, по Л.И. Божовичу);
5. мотивы определенного вида деятельности, например, учебной деятельности и т.д.

Рассматривая мотивацию деятельности, необходимо подчеркнуть, что понятие мотив тесно связано с понятием цель и потребность. В личности человека они взаимодействуют и получили название мотивационная сфера.

Наиболее широким является понятие «мотивационная сфера», включающее и аффективную, и волевую сферу личности (Л.С. Выготский), переживание удовлетворения потребности. В общепсихологическом контексте мотивация представляет собой сложное объединение, «сплав» движущих сил поведения, открывающийся субъекту в виде потребностей, интересов, включений, целей, идеалов, которые непосредственно детерминируют человеческую деятельность /1/.

Мотивация понимается как стержень личности, к которому «стягиваются» такие ее свойства, как направленность, ценные ориентации, установки, социальные ожидания, притязания, эмоции, волевые качества и другие социально-психологические характеристики. «Понятие мотивации у человека включает в себя все виды побуждений: мотивы, потребности, интересы, стремления, цели, влечения, мотивационные установки или диспозиции, идеалы и т.д.» /2/. Таким образом, можно утверждать, что, несмотря на разнообразие подходов, мотивация понимается большинством авторов как совокупность, система психологически разнородных факторов, детерминирующих поведение и деятельность человека.

Большое значение в развитии теории мотивации имела концепция С.Л. Рубинштейна, рассматривающая понятие мотива и цели деятельности с точки зрения развития потребности. Рассматривая связь мотива с целью, автор говорит о том, что мотив может отделиться от цели, переместиться на саму деятельность (когда для человека мотив деятельности лежит в ней

самой, например, человек начинает трудиться ради удовольствия от самого процесса труда), либо на один из результатов деятельности (когда человек свою цель видит не в том, чтобы делать именно данное дело, а в том, чтобы выполнять свой общественный долг). /3/

Характерно для теории С.Л. Рубинштейна ключевое понятие личности, через которое автор раскрывает систему различных связей сознания и деятельности. При этом сама личность определяется как триединство мотивационно-потребностной системы, способностей и дарований, а также характерологических черт. В целом это триединство определяет мотивацию как ядро личности и объединяет динамические характеристики – направленность, мотивы и устойчивые качества (характер и способности).

Схема 1. Триединство мотивационно-потребностной системы



Теория развития мотивации, предложенная С.Л. Рубинштейном, научно обосновывает приоритетную необходимость разностороннего изучения именно личности учащегося для создания оптимальных условий педагогического процесса.

Важно также положение исследователей о том, что структура мотивационной сферы является не застывшей, статической, а развивающимся, изменяющимся в процессе жизнедеятельности образованием.

Существенным для исследования структуры мотивации оказалось выделение Б.И.Додоновым ее четырех структурных компонентов:

- удовольствия от самой деятельности;
- значимости для личности непосредственного ее результата;
- «мотивирующей» силы вознаграждения за деятельность;
- принуждающего давления на личность /4/.

Следует отметить, что первый структурный компонент условно назван «гедонической» составляющей мотивации, остальные три – целевыми ее составляющими. Вместе с тем первый и второй выявляют направленность, ориентацию на саму деятельность (ее процесс и результат), являясь внутренними по отношению к ней, а третий и четвертый фиксируют внешние (отрицательные и положительные по отношению к деятельности) факторы воздействия.

Отметим, что подобное структурное представление мотивационных составляющих, соотнесенное со структурой учебной деятельности, оказалось

очень продуктивным. Большой вклад в изучение особенностей мотивации учебной деятельности внесли А.К. Маркова, А.Т. Матис, Ю.Б. Орлов, М.В. Матюшкин.

Понятие «структура мотивации» в пост советской психологии применяется, когда речь идет об иерархии мотивов, о выделении основных групп и подгрупп мотивов: мотивы, заложенные в самой учебной деятельности (мотивация содержанием, мотивация процессом), мотивы, связанные с косвенным продуктом учения /5/.

Как показывают социально-психологические исследования, мотивация учебной деятельности неоднородна, она зависит от множества факторов: индивидуальных особенностей студентов, характера ближайшей референтной группы, уровня развития студенческого коллектива и т.д.

Учебная мотивация определяется как частный вид мотивации, включенный в определенную деятельность, в данном случае в деятельность учения, учебную деятельность. Как и любой другой вид, учебная мотивация определяется рядом специфических факторов, особенностей для той деятельности, в которую она включается:

- во-первых, она определяется самой образовательной системой, образовательным учреждением;
- во-вторых, организацией образовательного процесса;
- в-третьих, субъектными особенностями обучающегося;
- в-четвертых, субъективными особенностями педагога и, прежде всего, системы его отношений к ученику, к делу;
- в-пятых, спецификой учебного предмета.

Учебная мотивация, как и любой другой ее вид, системна, характеризуется направленностью, устойчивостью и динамичностью. Так, в работах Л.И. Божович и ее сотрудников, на материале исследования учебной деятельности учащихся, отмечалось, что она побуждается иерархией мотивов, в которой доминирующими могут быть либо внутренние мотивы, связанные с содержанием этой деятельности и ее выполнением, либо широкие социальные мотивы, связанные с потребностью ребенка занять определенную позицию в системе общественных отношений. При этом с возрастом происходит развитие соотношения взаимодействующих потребностей и мотивов, изменение ведущих доминирующих потребностей и своеобразной их иерархизации.

Так А.К. Маркова, которая пишет о том, что мотивацию учения составляют четыре вида побуждений: 1) значения и смыслы; 2) потребности; 3) цель; 4) интерес как форма проявления 1, 2, 3 /6/.

В этой связи существенно, что в работе А.К. Маркова специально подчеркивает эту мысль: «...Мотивация учения складывается из ряда постоянно изменяющихся и вступающих в новые отношения друг с другом побуждений (потребности и смысл учения для учащихся, его мотивы, цели, эмоции, интересы). Поэтому становление мотивации есть не простое возрастание положительного или усугубление отрицательного отношения к ученику, а

стоящее за ним усложнение структуры мотивационной сферы, входящих в нее побуждений, появление новых, более зрелых, иногда противоречивых отношений между ними» /7/.

Основными структурными элементами мотивации учебной деятельности студентов вуза и магистратуры являются познавательная мотивация и мотивация достижения успеха. Их стимулирование непосредственно способствует повышению эффективности учебной деятельности.


Как познавательные мотивы, так и мотивы достижения успеха можно объединить в две группы: внутренние и внешние:

➤ Внутренняя учебная мотивация включает в себя внутренние мотивы поступления в вуз, широкие познавательные мотивы и релевантные профессиональные мотивы.

➤ Внешнюю учебную мотивацию составляют внешние мотивы поступления в вуз, узкие познавательные мотивы и релевантные профессиональные мотивы.


В целом сущность мотивации учебной деятельности можно представить схематично:

Схема 2 Мотивация учебной деятельности



Вслед за концепцией С.Л. Рубинштейна относительно структуры мотивации, нам видится очевидным структура мотивации магистрантов:

Схема 3 Структура учебной мотивации магистрантов



1. Темнова Л.В. Личностно-профессиональное развитие психолога в системе высшего образования. –М.: Изд-во МОСУ, 2000. – 212 с.
2. Асеев В.Г. Проблема мотивации и личности // Теоретические проблемы психологии личности. –М.: Наука, 1974. –С. 122.
3. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии: Монография. –СПб.: Питер, 2001. - 712 с.
4. Додонов Б.И. Эмоции как ценность. –М.: Политиздат, 1978. – 272 с.
5. Маркова А.К., Матис, Т.А. Орлов, А.Б. Формирование мотивации учения. –М.: Просвещение, 1990. -192 с.
6. Маркова А.К. Пути исследования мотивации учебной деятельности школьников. *Вопр. психол.* 1980. -№ 5. -С. 47-59.
7. Маркова А.К. Психология профессионализма. –М.: Междунар. гуманит. фонд «Знание», 1996. - 308 с.

Түйін

Бұл мақалада автор магистранттардың оқу мотивациясының құрылымдық аспектілерін қарастырады.

Summary

In this article an author is examine the structural aspects of educational motivation of a magistracy student.

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПСИХОКОРРЕКЦИИ ЛИЧНОСТИ С ПРИМЕНЕНИЕМ СКАЗКОТЕРАПИИ В УСЛОВИЯХ ШКОЛЫ ИНТЕРНАТНОГО ТИПА

Н.В. Кононова –

учитель-дефектолог специализированного комплекса «Жануя»

Одно из направлений практической психологии, использующее ресурсы сказок для решения целого ряда задач: воспитание, образование, развитие личности и коррекция поведения является сказкотерапия.

Сказкотерапия – метод, использующий форму для интеграции личности, развития творческих способностей, расширения сознания, совершенствования взаимодействия с окружающим миром. К сказкам обращались в своем творчестве известные зарубежные и отечественные психологи, такие как Э.Фромм, Э.Берн, Э.Гарднер, И.В.Вачков, М.Осорина, Е.Лисина, Т.Зинкевич-Евстигнеева и другие [1].

Сказкотерапия – означает «лечение сказкой». Как пишет Вачков И.В. [2], сказку используют и врачи, и психологи, и педагоги, и каждый специалист находит в сказке тот ресурс, который помогает ему решать его профессиональные задачи.

Вовремя рассказанная сказка для ребенка значит столько же, сколько психологическая консультация для взрослого. Отличие только в том, что от ребенка не требуют вслух делать выводы и анализировать, что с ним происходит: работа идет на внутреннем, подсознательном уровне [3].

В понимании Т.Д. Зинкевич-Евстигнеевой, *сказкотерапия* – это не просто направление психотерапии, а синтез многих достижений психологии, педагогики, психотерапии и философии разных культур [4].

Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева пишет: «На семинарах по сказкотерапии нам часто задают вопросы о том, как работать с конкретными проблемами: страхами, энурезом, тиками, агрессивностью и т.д. Часто мы отвечаем старой психологической поговоркой: *«Не покупайтесь на симптом, работайте с причиной»*».

Ткач Р.М. [5] в своей книге «Сказкотерапия детских проблем» структурирует сказки по отдельно взятым детским проблемам:

1. Сказки для детей, которые испытывают страхи темноты, страх перед медицинским кабинетом и другие страхи.
2. Сказки для гиперактивных детей.
3. Сказки для агрессивных детей.
4. Сказки для детей, страдающие расстройством поведения с физическими проявлениями: проблемы с едой; проблемы с мочевым пузырем и т.д.;
5. Сказки для детей, которые столкнулись с проблемами семейных отношений. В случае развода родителей. В случае появления нового члена семьи. Когда дети считают, что в другой семье им будет лучше.
6. Сказки для детей в случае потерь значимых людей или любимых животных.

По определению Т.Д.Зинкевич-Евстигнеевой, в сказкотерапии используются разнообразные жанры: притчи, басни, легенды, былины, саги, мифы, сказки, анекдоты. Находят применение и современные жанры: детективы, любовные романы, фэнтези и пр. Каждому клиенту подбирается соответствующий его интересам жанр.

Как пишет И.В.Вачков [2], главным средством психологического воздействия в сказкотерапии является *метафора*, как ядро любой сказки. Именно глубина и точность метафоры определяют эффективность сказкотерапевтических приемов в работе с детьми и взрослыми.

Остановимся на нескольких приемах, которые очень хорошо зарекомендовали в психологической коррекции. Это работа с притчей и работа со сказкой. Для нас важно выявить функции притч и сказок.

Р.М. Ткач [5] в своей книге «Сказкотерапия детских проблем» структурирует сказки по отдельно взятым детским проблемам:

1. Сказки для детей, которые испытывают страхи темноты, страх перед медицинским кабинетом и другие страхи.
2. Сказки для гиперактивных детей.
3. Сказки для агрессивных детей.
4. Сказки для детей, страдающие расстройством поведения с физическими проявлениями: проблемы с едой; проблемы с мочевым пузырем и т.д;
5. Сказки для детей, которые столкнулись с проблемами семейных отношений. В случае развода родителей. В случае появления нового члена семьи. Когда дети считают, что в другой семье им будет лучше.
6. Сказки для детей в случае потерь значимых людей или любимых животных.

По определению Т.Д. Зинкевич-Евстигнеевой, в сказкотерапии используются разнообразные жанры: притчи, басни, легенды, былины, саги, мифы, сказки, анекдоты. Находят применение и современные жанры: детективы, любовные романы, фэнтези и пр. Каждому ребенку подбирается соответствующий его интересам жанр [4].

Как пишет И.В. Вачков [2], главным средством психологического воздействия в сказкотерапии является *метафора*, как ядро любой сказки. Именно глубина и точность метафоры определяют эффективность сказкотерапевтических приемов в работе с детьми и взрослыми.

Остановимся на нескольких приемах, которые очень хорошо зарекомендовали в психологическом консультировании. Это работа с притчей и работа со сказкой. Для нас важно выявить функции притч и сказок.

Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева утверждает: «Как правило, именно притча является носителем глубинной жизненной философии. Жизненный урок в притчах не завуалирован, а прямо сформулирован. Обычно одна притча посвящена одному уроку». Притчу можно использовать в работе, как с взрослыми, так и с подростками.

При семейном и индивидуальном консультировании также достаточно часто используются истории, притчи, афоризмы, метафоры,

сказки и анекдоты.

По мнению Н.Пезешкиана [6]: «Истории могут оказывать самое различное воздействие на человека. Они имеют воспитательное и терапевтическое значение. Смысл каждой истории человек воспринимает по-своему, в зависимости от своего образа мыслей.

Если истории и притчи при психологическом консультировании подобраны правильно, то они позволяют выбрать определенную дистанцию, чтобы по-иному взглянуть на собственные конфликты и найти способы разрешить конфликты.

Истории предлагают различные варианты действий.

После знакомства с семьей и выявлением ее актуальных проблем психолог выбирает в качестве темы для обсуждения ситуацию, историю, миф, притчу, которые бы отражали семейные проблемы.

Одна из важных функций истории – это хранение опыта, то есть после окончания психотерапевтической работы она продолжает оказывать свое действие на клиента и делает его более независимым от терапевта».

Выделяют несколько основных функциональных особенностей сказок [1].

1. Тексты сказок вызывают эмоциональный резонанс как у детей, так и у взрослых. Образы сказок обращаются одновременно к двум психическим уровням: к уровню сознания и подсознания.

2. Концепция сказкотерапии основана на идее ценности метафоры как носителя информации:

- о жизненно важных явлениях;
- о жизненных ценностях;
- о внутреннем мире автора (в случае авторской сказки).

3. В сказке в символической форме содержится информация о том:

- как устроен этот мир, кто его создал;
- что происходит с человеком в разные периоды его жизни;
- какие этапы в процессе самореализации проходит женщина;
- какие этапы в процессе самореализации проходит мужчина;
- какие трудности препятствия можно встретить в жизни и как с ними справляться;
- как приобретать и ценить дружбу и любовь;
- какими ценностями руководствоваться в жизни;
- как строить отношения с родителями и детьми;
- как прощать.

Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева выделяет шесть видов сказок [7]: художественные, народные, авторские, дидактические, психокоррекционные сказки и психотерапевтические сказки.

К ним относятся сказки, созданные многовековой мудростью народа, и авторские истории. Собственно, именно такие истории и принято называть сказками, мифами, притчами. В художественных сказках есть и дидактический, и психокоррекционный, и психотерапевтический, и даже медитативный аспекты. Художественные сказки создавались вовсе не для психологического консультирования, но, тем не менее, успешно ему

служат.

